

# БІЛІМДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР №3 (63), 2018

Республикалық ақпаратты-әдістемелік журнал  
2003 жылдан бастап шығарылады

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

### Меншік иесі

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»  
акционерлік қоғамының филиалы Астана қаласы  
бойынша педагогикалық қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институты

### Бас редакторы:

Л.А. Саинова, магистр,  
ПҚ БАИ директоры

### Редакция алқасының мүшелері:

Ө. И. Чокушева, PhD, ПҚ БАИ  
Қ. К. Ахметова, п.ғ.к., ПҚ БАИ  
Б. Ғ. Ғалымжанов, магистр, ПҚ БАИ  
Г. У. Тусупова, ПҚ БАИ  
Г. Қ. Даулетбаева, магистр, ПҚ БАИ  
Н. А. Клименко, ПҚ БАИ  
В. И. Нұрмаганбетова, ПҚ БАИ  
Ж. С. Нұрмагамбетова, ПҚ БАИ  
Ж. Р. Айтжанова, ПҚ БАИ  
М. Ж. Асамбаев, ПҚ БАИ

### Дайындаған редакторлар:

О. А. Бегалина  
Е. Б. Адамбаев

### Әрлендірген және қалыптаған:

Н. Ж. Исенов

### Жазылым бойынша таратылады:

«Қазпошта» каталогы, индексі 75584

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген. Лицен-  
зия № 3463 - Ж, 2002 ж., 21 желтоқсан

Журнал зарегистрирован Министерством культуры,  
информации и общественного согласия Республики  
Казахстан Лицензия № 3463 - Ж от 21 декабря 2002 г.

### Редакцияның мекен-жайы:

Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 18  
Телефон/факс: 8 (7172) 48-76-85

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін  
білдірмейді. Қолжазбалар және суреттер  
рецензияланбайды және қайтарылмайды

Позиция редакция не обязательно совпадает  
с мнением авторов. Рукописи и фотоснимки не  
рецензируются и не возвращаются

Дана / Тираж:  
349

### БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ /

#### ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА

Құлбекова Н. Қ. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолдарын  
зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері..... 2  
Саулембекова Р. М. Пути реализации концепции национальной  
идеи «Мәңгілік Ел»..... 10

### ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР /

#### ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ

Кусаинова А. Т. Профессиональное развитие педагогов ТИПО  
в условиях системы повышения квалификации..... 14  
Нурмаганбетова В. И. Формы обобщения передового  
педагогического опыта..... 17

### ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ /

#### АКТУАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Сыздыкова Б. Р. «Lesson study»: из опыта работы школы..... 21  
Мамиева М. И. Внедрение обновленного содержания  
образования в пилотном режиме..... 23  
Луценко Т. П., Тауекелова А. А. Совершенствование  
профессионального мастерства учителя через применение  
подхода «Lesson study»..... 26  
Болатбаева А. Т. О роли русского языка в Казахстане..... 28

### БІЛІМ БЕРУ: МОДЕЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ /

#### ОБРАЗОВАНИЕ: МОДЕЛИ И МЕТОДЫ

Ибраева Г. Н., Бердигожина Г. Н. Оқушылардың тыңдалым  
дағдыларын дамыту жолдары..... 31  
Құдайбергеноұлы Болат, Құдайбергенова А. Б. Жаңартылған білім  
мазмұны бойынша тарих пәнін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері..... 35  
Жанузакова Н. А. Бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытуда  
ойын технологиясын қолданудың маңызы..... 40  
Кабдушева А., Аубакиров А. Multilingualism as one of the priorities  
of modern education..... 46  
Баекина Д. Б. Жаңартылған білім беруде жаһандық дағдыларды  
дамыту..... 49  
Даулетова З. А. Қазақ тілі сабағында оқушылардың ауызша  
және жазбаша сауаттылығын арттыру әдіс-тәсілдері..... 52  
Теркешова А. А., Бурабаева Р. С. Теңдеу құру арқылы  
есептерді шешудің кезеңдері..... 56  
Вагапова Н. Н., Байдаuletova Г. У., Минайчева Е. А. Реализация  
дифференцированного подхода в 1 классе в условиях обновления  
содержания образования..... 61

### ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ /

#### ИСКУССТВО ВОСПИТАНИЯ

Даулетбаева Г. К., Кабажаева С. К. Тұлғаны рухани-адамгершілікке  
тәрбиелеу..... 65  
Нәлібаева Г. Р. Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі..... 68  
Безус Н. А. Воспитание доброты посредством сказок..... 71  
Хасенова Г. О. Роль семьи в выявлении общечеловеческих  
ценностей у детей..... 75  
Щеглов С. Г. Краеведческая работа как одна из форм  
воспитания патриотизма..... 77

### РЕДАКЦИЯ ҰСЫНАДЫ /

#### ОТ РЕДАКЦИИ

Байқау, Конкурс..... 82

## ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Құлбекова Н. Қ.,

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Археология және этнология

мамандығының 1 курс магистранты

Жаһандану үрдісінің жалпы адамзаттық құндылықтарды алға тартуының нәтижесінде адамзат баласы «жалпы адамзаттық бірегейлену дәуіріне» аяқ басып келеді. Бұл үрдістің нәтижесі ретінде негізгі «сіңіруші ұлт» ретінде экономикасы дамыған, әлемдік алпауыт елдердің басымдылығы артып отырғаны анық байқалады. Осыған орай Қазақ ұлтының өзінің ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін сақтап қалу мәселесі өзекті болып отыр. Яғни жаһандану үрдісінің жетегінде кетпей, өз даму стратегиясын жүргізуі қажет. Сонда ғана ұлттық және мемлекеттік бірегейлігімізді сақтап қала аламыз. «Бірегейлілік», «ұлт», «этнос» ұғымдары қандай ұғым, тәуелсіз Қазақстанның болашағындағы орыны қандай деген сұрақтар туындайды. Ендеше бұл мәселелердің мазмұнын ашу мақсатында бірнеше шетелдік және отандық зерттеуші ғалымдардың еңбектерін талдап көрейік.

**Этнос және ұлт.** Ю. М. Бородай олардың айырмашылығын жақсы көрсете білді. Эностық қауымның спецификасы адамның антропогенетикалық ерекшелігіне негізделеді. Сондықтан да этникалық «табиғи» қауымның дамуы ешқандай мемлекет басқаруын қажет етпейді. Керісінше, ұлт мемлекетпен азаматтық қоғамның жемісі болып табылады. Егер этноста адамдардың арақатынасы әдет-ғұрып арқылы реттелсе, ұлттық қауымда бұл қатынастарды құқық реттейді. «Ұлттың ең негізгі қасиеті оның алғашқы табиғаты полиэтникалық немесе жоғарғы этникалық болып

келуінде. Егер де тайпаны «праэтнос» деп санасақ, онда ұлт этностан кейінгі болып саналады» [1].

Ұлтты зерттейтін тұжырымдамаларға тоқталсақ, М. Вебердің пікірінше, қай жерде адамдар өздерінің бар екендігіне сенсе немесе қауымдастыққа жататындықтарын сезінсе және автономиялық мемлекетте өзін танытуға ұмтылса, ол жерде ұлт бар [2]. Ұлттың өмір сүруін нақты бір адамдар тобы басқа топтардың алдында өздерінің тұтастық сезімін білдіргендігімен көрінеді.

*Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз.*

**Ахмет Байтұрсынов**

М. Вебердің ойынша, бұл тұтастық сезімі толығымен субъективті емес, оның тамыры объективті факторларда жатыр, яғни, бір нәсілде, тілде, дінде, әдеттер мен саяси тәжірибелерде, бұлардың әрқайсысы ұлттық сезімді келтіреді. Веберлік тұжырымдамада қай жерде әртүрлі адамдарды байланыстыратын және оларды басқалардан айырып беретін бірнеше объективті факторлар болса; қай жерде осы фактор ортақ құндылықтар көзі ретінде саналып, сонымен бірге оларға қатысты тұтастық сезімін тудырса; қай жерде осы тұтастық автономды саяси институттарда өзінің көрінісін тапса, сол жерде ұлт қалыптасады. М. Вебердің пікірінше, адамдардың қауымдастығын, егер ол өзіндік автономды мемлекетінде

біріксе немесе бірігуге тілек білдірсе, ұлт деп санауға болады.

Ұлтқа сипаттама берген ғалымдардан П.Сорокинді қарастырсақ, «Основные черты русской нации в двадцатом столетии» деген мақаласында көптеген ұлттық бірегейлік зерттеулеріне тән қателіктер туралы айтады [3].

1) «ұлт, немесе ұлттық бірегейлік, нені білдіретіні туралы» анықталмаған немесе тым көмескі түрде анықтамалар берілген. Мысал ретінде шетелдік еңбектер ұлттық бірегейлік анықтамасына дәлел келтіреді: «Белгілі бір қоғамдағы адамдардың бүкіл өмір барысында жасаған байланыстары кезінде алғандары мен иеленгендері». Осы тәріздес сипаттамалар, Сорокин байқағандай, «кез келген әлеуметтік топқа келеді, мысалы, қоғамдық топқа, территориялық топқа, діни ұйымға немесе басқа да әлеуметтік жүйелерге». «Ұлт» және «ұлттық ерекшеліктер» әлеуметтік топтармен байланысты, бірақ таптардан, діни ұйымдардан, саяси партиялардан, тайпалардан және т.б. ерекшеленеді. Сорокин сонымен бірге белгілі бір топтарға жататын жеке адамдарды психологиялық немесе психоаналитикалық жағынан суреттеуге жүгінетіндерді де сынайды.

2) Зерттеулердің екінші кемшілігі туралы ол былай дейді: «Олар қарапайым «автоматты түрде» жеке адамдардың жинағы мен күрделі түрде әлеуметтік және мәдени жүйелермен біріккен жинақтардың арасында терең айырмашылықты жоққа шығарады», қарапайым тілмен айтқанда, «ұлттармен емес, жеке адамдармен» санасады. Жеке адамдардың бірегейлік сезімі ұлттың бірегейлік сезімімен бірдей болмайды. Ол жағдайды былай түсіндіреді, мысалы, судың құрамы сутегі мен оттегінің құрамынан өзгеше немесе автомобильдің бөлшектерінің құрамы жинаған машинаның құрамынан өзгеше.

3) Зерттеулердің үшінші кемшілігі туралы айтқанда, Сорокин жоғарыда айтылған

тезисті әрі қарай толықтырады. Тесттер мен сұрақ-жауаптар арқылы толық бір ұлттың мінез-құлығын, бірегейлігін анықтау мүмкін емес деп санайды. Егер Сорокин бұрын әлеуметтік бүтіндікті «бөліктері бір бағытта іс-әрекет етісіп және бір мақсатты көздейтін тұтастық» деп санап, былай тұжырым жасайды: «Индивидтер жинағы тәртіптерінің көріністері арқылы қандай да болмасын күрделі топтың, соның ішінде ұлттың мінезін (бірегейлігін) нақ анықтау мүмкін емес».

П. Сорокиннің пікірінше, ұлттың өзіндік сипаты әлеуметтік, мәдени жүйе ретінде келесі факторлармен анықталады:

1) мағыналар, құндылықтар мен нормалар, оларды жүзеге асыру үшін жүйе жұмыс жасайды;

2) алдын ала жазылған және тыйым салынған реттегіштер, олар арқылы құндылықтар мен нормалар эмпирикалық әлемде объективті бола түседі;

3) жүйенің жұмыс жасауы үшін қажет материалды құралдар (мекемелер, қару-жарақтар, қорлар және т.б.). Кез келген жүйе, сонымен бірге ұлт та «оны құраушы элементтердің іс-әрекет фрагменттерін зерттеумен шектелмеу тиіс» [3].

П. Сорокин ұлтты ерекше әлеуметтік жүйе ретінде санап, оның маңызды белгілерін көрсетеді.

«Ұлт дегеніміз — көпфункционалды, тұтас, жартылай жабық әлеуметтік-мәдени топ, және ол өзінің өмір сүріп жатқанын, бірлігін сезінеді. Бұл топ келесі индивидтерден тұрады. Олар:

1) бір мемлекеттің азаматтары;

2) тілдері ортақ немесе ұқсас және осы индивидтер және олардың алдында өмір сүргендердің ортақ тарихынан туындаған ортақ мәдени жинақ;

3) өздері және ата-бабасы тұрған ортақ территория.

Сонымен бірге ұлт дегеніміз — мемлекеттен, этникалық (тілдік) және

таза территориялық топтардан өзгеше элеуметтік жүйе». Жалпы айтқанда, П. Сорокин «ұлт» ұғымын этноспен де, мемлекетпен де байланыстырмай және этностан да, мемлекеттен де өзгеше жүйе ретінде дәлелдейді.

Ұлттық бірегейлік мәнін көбіне ұлтты керемет элеуметтік-этникалық қауымдастық және тарихтың толық субъектісі ретінде түсіндіруге байланысты. Э.Смит ұлттың екі түрін көрсетеді — территориялық және этникалық [5]. Территориялық ұлт (азаматтық) мемлекетпен мөлшерлес немесе белгілі бір территориядағы елмен мөлшерлес ортақ құқықтармен байланысқан азаматтардың бірлестігі. Мұндай ұлттық бірлестік түрінің қалыптасуында белсенді агент ретінде мемлекет араласады, ол кейде тіпті этникалық топтардың барлығын біртұтас етіп біріктіреді. Бұл үрдіс ортақ мәдениетсіз, даму туралы ортақ аңыздар мен белгілерсіз мүмкін емес. Бұл жерде азаматтардың бірігуінің мәні болмайды, егер мемлекет өз институттары мен білім беру жүйесі арқылы азаматтық дінді енгізбесе. Екінші, этникалық үлгіге екпін ортақ тамыр, салт-дәстүр, тіл және ортақ тарихи тағдырға қойылады.

Ұлт жайлы түсінік әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Өзімізге белгілі, ұлтты анықтауда екі кең таралған бағыт қалыптасқан. Біріншіден, англо-американдық дәстүр бойынша «мемлекет — ұлт» мағынасында түсіндіріледі. Екіншіден, экономикалық, саяси дамуы барысында ортақ тіл мен мәдениеттің негізінде қалыптасқан адамдардың қауымы («неміс мектебі», ұлттың марксистік түсінігі).

«Ұлт» ұғымына қатысты этникалық бағыт ХІХ ғасыр аяғында неміс мектебінде пайда болды. ТМД құрамына кіретін елдерде этникалық бағыт кеңестік топтастыру кезеңдеріне сүйенеді: «ру — тайпа — елдік — халық — ұлт». Осы топтасты-

ру көпсатылы иерархияда социалистік ұлттар (орыстар, украиндар, қазақтар және т.б., «квазимемлекеттілігі» кеңестік республика арқылы жүзеге асырылған), халықтар (татарлар, башқұрттар, якуттар және т.б., квазимемлекеттік автономды республикалар арқылы жүзеге асырылды) және елдіктер (хантылар, мансилер, ненецтер және т.б., жер автономиялары облыс, аймақ, аудан арқылы жүзеге асырылған). Үшіншіден, өзіндік бірегейлілік ұстанымы жиі қолданылады. Бірегей этникалық өзіндік санасы арқылы адамдар өздерін белгілі бір топқа жатқызады. Осы айтылған көзқарастар ұлттың ерекшеліктерін және дербестігін қоғамдық құбылыс ретінде бейнелейді. Бірақ, М. Н. Руткевичтің пікірі бойынша, ұлт ұғымын зерттеу барысында ұлттың пайда болуы, дамуы және қалыптасу үдерісін элеуметтік шындық ретінде қарастырып, тарихи даму процесс арқылы ашып көрсету керек.

Этнократтар әрдайым бірінші бағытты ұстанып, ұлттың англо-американдық моделіне сүйене отырып, мемлекет пен ұлтты теңестіреді және ұқсастырады. Осы ұстанымдар БҰҰ-ның құжаттарында жүзеге асырылып жатыр. Ұлттың бірінші түсінігі АҚШ-та, Батыс Еуропа елдерінің көбісінде қолданыс тапса, онда басқа елдерде, олардың ішінде Ресей мен Қазақстанда бұл түсінік жарамсыз болып келеді [6].

«Ұлт» ұғымына қатысты сын пікірлердің туындауына байланысты қазіргі саяси тәжірибеде сандық құрамына, мәдениеттің, тілдің даму сатысына, мемлекеттің және шекараның болуына қарамастан, «халық» деген ұғым кең қолданыс тапты. Бұл дегеніміз ұлттар, этникалық топтар, елдер — барлығы бірдей саяси-құқық мәртебесіне ие болады.

Орыс тілді жұртшылықтың Ресейге жер аударуының салдарынан Қазақстан

Республикасының 1995 жылғы Ата Заңында этнократиялық бағыт саяси-шекаралық бағытпен алмастырылды. Ұлттың этникалық моделінен азаматтық моделге көңіл аударылды. Осы уақыттан бастап Қазақстан Республикасының субъектісі «қазақстандық халық» болып есептелінеді. 1995 жылдың Ата Заңында жалпы азаматтық ұстанымдар, этникалық ұстанымдарға қарағанда, бірінші орында тұр. Заңнамада ұлттық немесе діни партиялардың құрылуына тыйым салынды. 1995 жылдың Конституциясы ұлт — мемлекет негізін салып, қазіргі демократияның түсінігін қалыптастырды. Жалпы азаматтық аспектіге көңіл бөлмей, сын пікір білдірушілер 1995 жылдың Конституциясы, 1993 жылдың Конституциясымен салыстырғанда, демократиялық ұстанымдары кең таралған жоқ деп тұжырымдады [7].

Қазақстандық қоғамның бірлігі идеясы Қазақстан Республикасының егемендігінің және тәуелсіздігінің саяси негізі болып табылады. Осыған орай келесі жайтқа көңіл аудару қажет. Көптеген философтардың, саясаттанушылардың және саясаткерлердің пікірі бойынша, көпэтникалық қоғамда бірегей ұлтты қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені адамдардың этникалық бірегейлілігі мемлекеттік бірегейліліктен және өзге этникалық топтардың өкілдерінен жоғары бағаланып тұр. Олардың ойы бойынша, Қазақстанда тек бір ғана ұлт бар. Оның құрамын қазақ ұлты құрайды. Ал қалған халықтар Қазақстанда диаспора болып саналады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының ұлттық идеясы қазақтың ұлттық идеясы, немесе ұлттық қазақ идеясы, болып табылады. Осы бағыттың нәтижесінде тамырлы этнос қоғамда және ғылымда титулдық ұлт деген атаққа ие болады. Ұлттық сұрақ бойынша әдебиетте бұндай бағытты «ұлттың этномәдени түсінігі» деп атай-

ды.

Өзге ұстанымды қолдайтын адамдардың ойынша, ұлттық идея көп этникалық мемлекетте тек бір халықтың идеясы бола алмайды. Қазақстанда ұлттық идея жалпы ұлттық болуы тиіс. Бұл идея адамдардың этникалық топтасуына қарамастан, мемлекетіміздің барлық азаматтарын біріктіруге арналған. Тұтас халықтың жалпы негізі қазақстандық азаматтылық болып табылады. Қазіргі этносаясаттануда аталмыш бағыт «азаматтық ұлт» деп аталады. Бүгінгі таңда ұлттық идеяны түсіндіруде осы екі бағыт басты болып саналады. Ескере кететін жайттардың бірі, этномәдени және азаматтық бағыттарда ұлттық идеяны түсіндіру барысында қарама-қайшылықтар бар. Осы себептен қазіргі мемлекеттердің алдында келесі сұрақ туындап отыр: ұлттың және ұлттық идеяның азаматтық пен этномәдени бағыттарының арасында жатқан қарама-қайшылықтардың шешілу жолын табу.

Әртүрлі мемлекеттердің ұлттық құрылысының тәжірибесінің көрсетуі бойынша осы қайшылықтарды шешу барысында «немесе-немесе» бағытынан «және-және» принципі кең қолданыс тапты. Қазақстанның жалпы ұлттық идеясының қалыптасу жолында ұлт түсінігінің аталмыш екі бағыты — азаматтық және этномәдени — қолданылуы тиіс [8]. «Қазақстанда осы екі концепциялардың арасындағы қайшылықтар қалай шешімін табады?» деген сұрақ туындайды. Бұл тәсіл доминантты қазақ этносында тұтас халықты азаматтық қоғамда қалыптастыру болып табылады. Осы ұлтты қалыптастыратын тәсілді белгілі этносаясаттанушы Энтони Смит «доминантты этнос» моделі деп атайды [9].

Қазақстанда мультиэтникалық қоғам ретінде ұлттың этно мәдени және азаматтық концепцияларының

екеуі де объективтік қажеттілік ретінде жүзеге асырылуда. Егер де аталмыш концепциялардың біреуі объективті бағаланбаса, онда еліміздің ұлттық кеңістігіне зиянды әсер тиеді. Азаматтық ұлт идеясы, біріншіден, қоғамның тұрақтылығына және ішкі қауіпсіздігіне жол ашады. Азаматтық ұлттың этникааралық ұжым ретінде қалыптасуы этникалық топтардың қайшылықтарын жұмсартып, азайтуға мүмкіндік береді. Екіншіден, Қазақстанда азаматтық ұлтты қалыптастыру барлық қазақстандықтардың бірегейлігіне жақсы жақтан әсер етеді. Олардың этникалық топтасуына қарамастан, барлығы Қазақстан Республикасын өзінің елі, Отаны деп санайды. Үшіншіден, Қазақстандағы азаматтық ұлттың қалыптасуының нәтижесі пісіп-жетілген азаматтық қоғам болуы тиіс.

Азаматтық ұлт және азаматтық қоғам бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Ұлттың этномәдени концепциясының қажеттілігі келесі себептермен айқындалады: біріншіден, мемлекет құрушы қазақ этносында қазақстандық халықтың ұлттық құрылысының моделі туындаса, онда өз-өзімен азаматтық ұлттық құрамында олардың айрықша орны айқындалады. Екіншіден, біздің еліміздегі қалыптасып келе жатқан конституциондық бекітілген халықтың сипатын есепке алу қажет. Мәселе мынада — қазақстандық халықты өзінің тарихи қалыптасқан әлеуметтік формасы бойынша эмигранттық ұлт қатарына жатқызуға болмайды (мысалы, Америкада, Австралияда және әлемнің кейбір елдерінде). Қазақстанда ұлттың этникалық және тарихи алғышарттары мен тамырлары анық және айқын көрініп тұр. Бұл қазақтарға тікелей қатысы бар. Осы этнотарихи аспект қазақстандық халықтың даму жолындағы жалпы ұлттық сипатқа ие болуы тиіс. Үшіншіден,

этномәдени аспект Қазақстанның жалпы ұлттық идеясының әдіснамалық концепциясын құруында орасан зор орын алады. Бұл концепция ұлттық идеяға конструктивтік, шығармашылық көзбен қарауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, ұлттың азаматтық концепциясында конструктивтік бағытты да тым асырудың қажеті жоқ.

Кеңес заманынан кейінгі қазақстандықтардың өзіндік бірегейлілік үдерісі бүгінгі күнге дейін аяқталды деп айтуға болмайды. Еліміз болашақта өзінің тарихи қалыптасып келе жатқан ұлттық келбетін сақтап қана қоймай, сонымен қатар тең құқылы дәрежеде өзге елдермен жаһандану үдерісіне кіруі қажет.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасындағы ұлттық бірегейліктің бес деңгейін көрсетуге болады. Әртүрлі этностық топтардың ұлттық ұстанымдарын төмендегідей сипаттап, ұлт бірегейлілігін зерттеушілердің кейбіреулері бұл жіктеумен келіседі:

- Кейінгі уақытта саны азайып келе жатқан ұлттық, этностық әртүрлілікке мән бермейтін және өзінің де қай ұлтқа, этносқа жататынына назар аударғысы келмейтін адамдар. Бұл адамдар үшін ұлттық бірегейліктің маңыздылығы өте төменгі дәрежеде болып табылады.

- Керісінше, кейінгі кезде саны көбейіп келе жатқан өз ұлтына, этносына баса назар аударып, оның дәстүрі мен тілін дамыту қажеттілігін үнемі еске салатындар. Объективті себептерге байланысты оларды түсінсек те, кейде олардан келесі топқа жататындар шығуы да мүмкін.

- Ұлттық «байбалам салушылар». Бұл саны жағынан аз топ өкілдері өз ұлтына қауіп төніп тұр деп сезініп, саяси күштер арқылы қорғаныс жолдарын іздейді.

- Космополиттер, этникалық құндылықтардан жеке адами (жалпы азаматтық) құндылықтарды басым қоятын және мемлекеттік құндылықтардан ұлттық

құндылықтарды басым қоятын азаматтық идеологияны жақтайтындар. Сондықтан бұл топ өкілдері алғашқы үш топтың кейбір элементтерін өзіне алған болып есептелінеді. Яғни ұлттық идеяға немқұрайлылық, азаматтық қоғамда ұлттарға сыйластықпен қарау және ұлтаралық қатынастарға мән бере отырып, ұлтты сақтап қалуды көксейді.

- Бесінші топ — салауатты, нақты дамыған ұлттық бірегейлілік. Ол басқа этностардың, ұлттар мен ұлыстардың мүдделерін жақсы түсінетін, сол мүдделердің қанағаттануын қажет деп санайтындар. Ол өз негізінде жалпыұлттық идеяны иеленген, өз ұлтының жағдайын ойлайтын, оның ерекшелігін, мәдениеті мен тілін дамытуды көздейтін, ата-баба тарихына ізетпен қарайтындар. Бұл деңгей Қазақстандағы барлық этностық топтар өкілдерінің ұлттық ділдерінің бірігуіне жағдай тудыра алады [10]. Сондықтан Қазақстанның әлеуметтік, саяси, мәдени дамуында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі қазақ философиясында өзекті деп санаймыз, бұл мәселені терең зерттеу үшін қазіргі кезде осы тақырып айналасында кездесетін кейбір мәселелер мен қиындықтарға тоқталып кеткен жөн.

Ұлттық бірегейлілік мәселесінің қиындылығы мен күрделілігі — оның көп қырлылығында. Сондықтан оны зерттеу барысында белгілі бір оқиғалардың, саяси бағдарламалардың, әдемі идеялардың, сезім мен көңілдің жетегінде кетуге болмайды.

Қазақ философиясының негізін қалаушылардың бірі — Абай ілімі бүгінгі ұрпақты «қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» [11] дегендей ұлттың жан дүниесіне терең үңіліп, сын көзбен қайта қарауды талап етеді. Айта кету қажет, ұлттық бірегейлілік тұрақты сипатқа ие, алайда оған қоғамдық-тарихи тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа

бергенімен, оған жасампаздық та бөтен емес. Сондықтан ұлттық бірегейліктің құрамдас бөліктерін, қазіргі ғылымда бірегейлілікпен қатар қолданыста, алайда одан мәні жағынан айырмашылықтары бар ұғымдар мен құбылыстарға анық, әрі толық түсінік беретін кез жетті. Солардың бірқатарына тоқталсақ. Бүгінгі қазақстандық ұлттық сананың дамуында екі бағыт байқалады. Біріншісі — қазақ ұлтын асыра мадақтау. Бір халықты орынсыз дәріптеу, оның тарихын бірыңғай батырлық пен даналықтың үлгісі ретінде баяндау, болмаса оны тарихтың құрбаны етіп көрсету, ұлт басына түскен ауыртпалықтары бір ғана отаршылдардың, басқыншылардың арам пиғылымен түсіндіру сияқты біржақты пікір де ұлтты тоғышарлық рухта тәрбиелейді.

Ұлттық ерекшелікті көрсетудің объективтендірілген түрі ретінде, мысалы, ұлттық мінез-құлықты жатқызуға болады. Ол бірегейлік ерекшеліктер мен әлеуметтік іс-әрекетте байқалатын сыртқы көрініс, бір ұлттық топтың екінші топтан айырмашылығы түрінде байқалады.

Ұлттық өзіндік сана мен ұлттық бірегейліктің негізінде сәйкестенудің әлеуметтік механизмі жатыр. Ұлттық және этностық бірегейлілік тұлғаның әлеуметтік нақтылықты меңгерудегі маңызды механизмдерінің бірі, ол әртүрлі ұлттық топтар мен әлеуметтік байланыстардағы ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуында күшті фактор ретінде тұлғалық пікірлер жүйесінің қалыптасуына негіз бола алады. Ұлттық және этностық бірегейлену бұқаралық іс-әрекет пен саяси іс-қимылдарына өте мықты катализатор ретінде қызмет етеді (әсіресе дағдарысты қоғамдарда).

Ұлттық және этностық қалыпқа жатқызу туған кезден бастап, ана тілінде сөйлеумен және адамның қоршаған

ортасындағы мәдениетпен бірге жасасады, ал қоршаған ортадағы мәдениет өз кезегінде жалпыға бірдей тәртіп стандарттарын және тұлғаның өзіндік дамуына әсер етеді.

Ұлттық және этностық бірегейленудің тұрақтылығы адамның өзі туралы өзіндік түсінік пен басқалардың түсініктері арасындағы, әлеуметтік және жеке «Мен» арасындағы үйлесімді қарым-қатынасқа жету қабілетін қамтамасыз етеді. Алайда мұндай бейімделу динамикалық үрдіспен қалыптасады, себебі адамдардың дамуы барысында олардың ұлттық бірегейлігі үздіксіз өзгеріп тұратын сыртқы ортаның сынақтарына ұшырайды. Осыдан келіп, әлемдегі өз орны туралы, өз мақсаттары мен басқалармен қарым-қатынастары туралы белсенді түрде ой түйу нормативті және психикалық-әлеуметтік дағдарыс мүмкіндігі туады.

Бірегейлік тұлғаның қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасынан, іс-әрекеті ерекшеліктерінен көрінетін өзіндік белгілерден құрылған тұлғалық «қойма». Бірегейлік өз негізінде нақты тұрақты тұлғалық тәртіптің бағыттылығына жағдай жасайтын, әртүрлі салалардағы нақтылыққа байланысты адамның қажеттіліктерінің, сезімдерінің, мүдделерінің, идеалдарының, мақсаттарының үстемдігін көрсетеді.

Ұлттық бірегейлік құрылымында ерекше орынды оның меналдық бірлестігі алады, ол саналы немесе санасыз түрде өз ұлтының рухани тәжірибесімен сусындайды. Философиялық құрылымдар өз дүниесінде белгілі бір ұлттың тәжірибесімен тығыз байланысты. Ұлттың рухани мұрасы қаншалықты бай болса, ол ұлт даму барысында ұтқыр іс-әрекеті жемісті болып келеді.

Ұлттық бірегейлік пен ұлттық

менталитетті тығыз байланыстыратын тағы бір компонент ол ұлттық имидж болып табылады. Ұлттық имидж дегеніміз — басқа халықтың өкілдеріне танылатын сипат және де сол арқылы нақты бір ұлт өзін басқаларға көрсетіп, дәлелдей алады. Ұлттық имидж де ұлттық меналитетті, бірегейлікті зерттеуде маңызды орын алады, ол туралы Б. Ф. Поршнева былай дейді, ұлттық имидждің ядросы ретінде «біз» ұғымының жеке немесе ұжымдық деңгейде түсінілуі жатады [12]. «Материал алғашқы қауымдық қоғам тарихынан ғана емес, алайда әртүрлі тарихи кезеңдерде көрінеді, кейде тіпті «олар» деген ұғым болса да, «біз» ұғымы жоғалып кетеді. «Олар» — «біз» емес немесе, керісінше, «біз» — «олар» емес. Тек қана «олардың» барлығы, «оларға» қатысты өзіндік анықталып алу арманын тудырады, «олардан» «біз» деген сезім арқылы бөлініп шығу».

**Ұлт табиғаты, ұлттық бірегейлік** — күрделі де жан-жақты құбылыстардың бірі. Ұлт табиғатын тану, оның тарихи тағдыры мен болмысын анықтау — қоғамдық ғылымдар үшін қиын да күрделі мәселе. Бір қарағанда, ұлт деп тегі бір, тілі, мәдениеті, дәстүрлері ортақ адамдардың қауымдастығын айтуға болады. Ең бастысы — әр ұлттың, оның рухани мәдениетінің бағалы, өзіндік қайталанбас құбылыс екенін ескеру. Оны тек бір тілде сөйлейтін әлеуметтік топтардың бірлігі мен қарама-қарсылығы деумен шектелу оның терең дүниетанымдық тамырларын ескермеуге әкеледі.

Ұлттық бірегейлікті бағытталған мемлекеттік идеология және мемлекеттік саясат арқылы өзгертуге болады, оның жақсы қасиеттерін басып-жаншып, жаман қасиеттерін әшкерелеуге де болады (бұған қатысты кеңестік тарихымыздан көптеген мысалдар келтіруге болады) немесе керісінше, мемлекеттің

стратегиялық мақсатына жетуі үшін, салауатты мемлекеттік ұлттық идеяны қалыптастыру үшін ұлттық бірегейліктің жақсы жақтарын дәріптей отырып, жастарды жаңа сапалы рухта тәрбиелеуге де болады.

Н. Бердяев былай деп санаған: «... адам адамзат қауымына орыс, француз, неміс немесе ағылшын атауларына ие болған жай адам ретінде емес, ұлттық ерекшелігі арқылы енеді. Ұлтжанды адам — жай адамға қарағанда — жоғары, онда адамның тектік сипаты бар, тіпті сонымен бірге жеке-ұлттық белгілері де бар» [12]. Жеке бір ұлт адамзат қауымы құрамына қажеттілік ретінде енеді, онсыз қауымдық толық емес немесе тіпті зиян да шегуі мүмкін. Әрбір ұлт, Бердяевтің ойынша, «күрделі иерархиялық баспалдақ, онда тарихи тағдырдың өткірлігі де ерекше көрініс тапқан. Мұнда табиғи нақтылық тарихи нақтылыққа айналады» [12].

Тарихи үрдістің субъектісі бола отырып, ұлт өз күшінің арқасында және өз құндылықтарына сай өз траекториясында дамиды, нәтижесінде «адамзаттықтың жағымды нақты тұтастығына адам болмысының барлық сатысы кіреді, одан ештеңе алынбайды да, жоғалтылмайды да». Адамзаттық тұтастық «ұлттардың күрделі иерархиясымен» түсіндіріледі, олардың әрқайсысы өзінің сапалы үлесін қосып отыруы қажет, соның нәтижесінде «космостық иерархиядағы бір тұлғалық құбылыс ретінде» [12] ол тұтастық өмір сүруге қабілетті және тұрақты, бай әрі мықты бола алады. Тек қана жалпы адами мұрадан алып қана қоймай, оны техникалық жағынан да, құндылықтар жағынан да толықтырып отыру үшін еңбектену қажет.

Қазіргі таңда Қазақстанда халықтың этномәдени негізі бойынша көлденең бірігуі көбіне идеякратиялық сипатқа ие.

Себебі үкімет тарапынан жүргізілетін саясат пен оның ұйымдастырушы рөлі ұлтаралық интеграцияға көп көңіл бөлуде. Сондықтан саяси элита осы факторды ескеріп, қазақстандық ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда қазақ жерінде тарихи, табиғи жағдайда (еріксіз түрде емес) қалыптасқан ұлттық бірегейлік ерекшеліктерін ескеруі қажет. Біздің ойымызша, мемлекеттік билік мемлекеттің негізін құрайтын қазақ этносы ұлттық менталитетінің базалық құндылықтарына сүйене отырып, биліктің негізгі ресурсы ретінде өзінің маңыздылығын көрсетуі қажет. Олай дейтін себебіміз, қоғамдағы ұлтаралық келісім мен мәмлеліктің кепілі болып, қазақ ұлтының өзіндік бірегейлігі саналады.

Ол туралы философ-ойшыл Т. Қ. Бурбаев былай деп жазады: «Мәмлелік тұрғысынан дүниемен қарым-қатынас орнату адамдардың көзқарасына ішкі болмыс дүниесіне, халықтың мәдени-рухани деңгейіне, ұстанымына, мақсат-мұраттарына да байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ менталитетіндегі мәмлелік ұғымының қалыптасу тарихы терең», — дей отырып, мәмлелік қасиетінің қазақ бірегейлігіне тән екендігін дәлелдейді [11]. Одан әрі ойын былай сабақтайды: «... осындай тарихи-мәдени сұхбаттың, мәдени, менталдық алғышарттардың қалауы бүгінгі қоғамдағы азаматтық, ұлтаралық, дінаралық қатынастарды өркениеттік тұрғыдан шешуге жағдай жасауда».

«Мәмлелік ұғымының мағынасына тоқталсақ, «толерантность» («толеранттылық») сөзі латын тілінен француз тіліне, кейін еуропа тілдеріне енген. Оны «мәмлелік» деп аударып жүрміз. «Шындығында, оның мәні қазақ тілінде терең: төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік,

ізгілік, кемелін тану, келісім табу деп жалғастыра беруге болар», — деп жазады А. Айталы [13].

Сонымен, ұлттық бірегейлік, сыртқы факторлар нәтижесінде өзгеріске ұшыраса да, заманға сай бейімделіп, өз түпкі

тамырын өзгеріссіз қалдыра алады. Бұл жағдайда бірегейлік ұлттық кодымызды қалыптастырып, сақтау, болашаққа тасымалдау, «Мәңгілік Ел» ұстыны қызметін атқарады.

### Әдебиеттер:

1. Бородай Ю.М. *От фантазии к реальности (происхождение нравственности)*. — М.: ИФРАИ, 1994. — С. 422.
2. Вебер М. *Протестантская этика и дух капитализма*. — М., 1999. — С.
3. Сорокин П. *Человек. Цивилизация. Общество*. — М., 1992. — С.
4. Нысанбаев А.Н. *Евразийский межконфессиональный диалог как фактор обеспечения континентальной безопасности и стабильности // Аль-Фараби*. — 2003. — № 3. — С. 5–11.
5. Иванов В.Н. *Политическая ментальность: опыт и перспективы исследования // Соц.-полит. журн*. — 1992. — № 2. — С. 43.
6. Тоценко Ж. Т. *Этнократия. История и современность*. — М.: РОСПЕН, 2003. — 434 с.
7. Сарсенбаева З.Н. *Этнос и ценности*. — Алматы, 2009. — 235 с.
8. Бальшикеев С.Б. *Социально-политические аспекты идеи казахстанского патриотизма // Саясат*. — № 8. — С. 37.
9. *Выступление Президента РК Н.Назарбаева на XII сессии Ассамблеи народа Казахстана // Казахстанская правда*. — 2006. — 25 окт.
10. Романова Н.В. *Этнополитические процессы в Республике Казахстан*. — Алматы, 1998. — С.
11. Бурбаев Т.Қ. *Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері*. — Астана, 2005. — 287 б.
12. Бердяев Н. *Я и мир объектов. Опыт философии одиночества и общения*. — Париж, 1931. // *Цитаты из кн.: Пути всех к мудрости*. — М., 1987. — 267 с.
13. Айталы А. *Ұлттану*. — Алматы, 1998. — 154 б.
14. Б. Е. Қолумбаев, М.М.Шуматова *Ұлттық бірегейлік тәуелсіздіктің сыртқы көрінісі ретінде // Қарағанды университеті хабаршысы*. 2013 жыл <https://articlekz.com>

## ПУТИ РЕАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Саулембекова Р. М.,

филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Акмолинской области, г. Кокшетау

Перед учителями всегда стояли цели и задачи, которые они успешно решали: содействовать воспитанию духовно – нравственных качеств, формировать гражданина Отечества, способствовать всестороннему развитию личности. И сегодня мы, казахстанские педагоги, как истинные патриоты страны, взяли на вооружение идеи, выдвинутые в программной

статье Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева «Рухани жаңғыру» по модернизации общественного сознания. Общеизвестно, что заложить краеугольные камни в формирование психологии, философии человеческого общества можно и необходимо уже в школьном возрасте. Мы, педагоги, формируем общественное сознание целых поколений. Во многом

от нас зависит, какими гражданами вырастут наши воспитанники. Подтверждением этому может служить высказывание великого политика У. Черчилля «Школьные учителя обладают властью, о которой премьер – министры могут только мечтать». Сегодня перед казахстанскими педагогами стоят глобальные задачи: последовательно реализовывать на практике идеи программы «Туған жер», основу которой составляют вопросы воспитания патриотических чувств, а именно: любви к родной земле, преданности и гордости за культуру, историю Родины.

В Программной статье Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» приоритетным и главным в модернизации общественного сознания и воспитании подрастающего поколения обозначены ценности и духовность. Как известно, программа «Рухани жаңғыру» включает в себя 6 специальных проектов: «Туған жер», «Сакральная география Казахстана», «Казахстанская культура в современном мире», «100 новых учебников», «Перевод казахского языка на латинскую графику», «100 новых лиц», которые реализуются по четырём базовым подпрограммам: «Атамекен», «Тәрбие және білім», «Рухани қазына» и «Ақпарат толқыны».

Сегодня образование не только должно определять систему знаний и умений, но и включать в себя воспитание. Согласно исследованиям ОЭСР, именно ценности являются устойчивыми жизненными ориентирами личности, мотивирующими поведение и созидательную деятельность. На курсах повышения квалификации в филиале АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Акмолинской области основной упор акцентируется на коренные изменения содержания учебных программ, воспитательной работы и внеклассных мероприятий. Возникла необходимость ориентировать учителей на нравственно-духовное развитие учащихся, наполнить

ценностями и культурой народа, которые передаются из поколения в поколение через семью, школу, средства массовой информации, законодательство. Именно образовательные учреждения сегодня способны, выполняя социально обусловленную функцию подготовки новых поколений к жизни и активной деятельности в обществе, должны прививать воспитанникам национальные и общечеловеческие ценности.

Центральным стержнем всех учебных программ является ценностная составляющая, она и стала определяющей. Ценностно-ориентированный подход лежит в основе определения базовых способностей, перечня навыков широкого спектра как результата учащихся «на выходе» из школы. К концептуальным идеям новой философии системы образования относятся ценности казахстанского общества, обозначенные Главой Государства на основе консолидирующей общенациональной идеи «Мәңгілік Ел». На уроках по обновленному содержанию образования учителя-предметники реализуют механизм идеи «Мәңгілік Ел» в образовании и воспитании.

Миссия и ценности общенациональной идеи осуществляются комплексно, через все виды учебно-воспитательной деятельности. Главной особенностью организации современного урока образования является единство образования и воспитания. Рычаги осуществления идеи «Мәңгілік Ел» в образовании и воспитании - это формирование ценностей образования, казахстанского патриотизма и гражданской ответственности, открытости и сотрудничества, пожизненного образования и др.

Гражданская и общенациональная составляющие идею «Мәңгілік Ел» направлены на совершенствование у казахстанцев таких качеств, присущих высокоинтеллектуальной и конкурентно-способной личности, как патриотизм, на-

циональное самосознание, национальный дух, гражданственность и социальная активность.

Школам отводится особо важная роль в деле претворения в жизнь общенациональных идей «Мәңгілік Ел», «Казахстан - наш общий дом», «Моя родина - Казахстан», объединяющих народ Казахстана. Ценности общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» через содержание образо-

вания принимаются всеми разделами и главами по учебным предметам, учебными целями и упражнениями. Национальными и общечеловеческими ценностями среднего образования определены: казахстанский патриотизм и гражданская ответственность; уважение; сотрудничество; открытость; труд и творчество; обучение на протяжении всей жизни.

**Реализация ценностей через содержание образования**

Содержание	Цель	Учебная деятельность
Естествознание Раздел «Вселенная. Земля. Человек» (5 класс)	Определять условия существования жизни	Учащиеся разбирают понятие «условия существования» и «условия жизни». На основе определения понятий критически размышляют о жизненном уровне каждого человека.
Естествознание «Вселенная. Земля. Человек» (6-класс)	Оценивать современные условия существования человека на Земле.	Учащиеся отвечают на вопросы: что такое хорошо? Что такое плохо? Дают оценку деятельности человека и условиям существования человека на Земле.

Сохранить и приумножить духовные и культурные ценности — вот основная цель работы по программной статье Президента «Рухани жаңғыру» - взгляд в будущее. Одним из направлений модернизации общественного сознания является работа по формированию чувства патриотизма. Патриотизм начинается с любви к своей земле, к своему аулу, городу, к малой родине.

У педагогов возникает вопрос: как это реализовать, через учебно-воспитательный процесс? В жизнь современного образования активно вошло воспитание казахстанского патриотизма. Знакомство с бытом и культурой родного края, способствует нравственно-эстетическому воспитанию юного поколения, становлению их гражданственности, формированию высоких патриотических убеждений, активной жизненной позиции воспитанников, а знакомство с героическими делами современников, приобщает к культуре и умственному труду, способствует

формированию характера и воспитанию гражданских качеств подрастающего поколения.

Например, при формировании ценности «казахстанский патриотизм и гражданская ответственность» необходимо изучить прежде всего историю культуры, традиций своей страны, современные достижения Казахстана. Уделять внимание уважению предков, развивать толерантность и глобальную гражданственность, которые заложены в содержании предметов. При этом учитываются опыт и сложившиеся в школе традиции, современные реалии и проблемы, тенденции развития нашего государства. При формировании ценности «сотрудничество» учителю необходимо посредством интерактивных форм обучения организовать командную или групповую работу на уроке, создать коллаборативную среду и атмосферу позитивного взаимодействия, сотрудничества и взаимной поддержки. Основное содержание деятельности

— осмысление воспитанником того, что школа является его вторым домом.

Прививать любовь к школе. Познакомить с историей школы, ее традициями. Воспитать чувство гордости за родную школу. Формировать у детей осознание своей принадлежности к школьному коллективу, создание атмосферы подлинного товарищества и дружбы в коллективе. Знать и выполнять школьные правила. При формировании ценности «уважение» необходимо создать учебные ситуации и задания при выполнении которых развивается уважительное отношение к другим людям, народам, культурам, воспитывается личная ответственность за свои поступки и гуманное отношение к человеку. При формировании ценности «труд и творчество» учитель должен вовлечь учащихся в проектную, экспериментальную, исследовательскую деятельность, где учащимся необходимо использовать целый спектр имеющихся навыков.

Учителю предметнику необходимо на уроке дать возможность учащимся выполнять дифференцированные разноуровневые задания творческого характера, выполнение которых способствуют развитию навыков поиска, анализа и обработки информации, критического ее восприятия и представления, умения делать обоснованные выводы и вносить конструктивные предложения, выражать свое отношение к происходящим событиям.

С целью реализации программы «Рухани жаңғыру» учителями-предметниками Акмолинской области разработаны прикладные и элективные курсы по изучению родного края, учащиеся школ принимают активное участие в археологических раскопках по изучению

истории возникновения своего края, разрабатывают научные проекты. Дети, исследуя, убеждены в том, что настоящий гражданин Казахстана любит и гордится своей Родиной, изучает ее историко-культурное, духовное наследие, верен своему гражданскому долгу и готов к защите своего Отечества.

На тематических конференциях представлены доклады о самых важных аспектах программы модернизации общественного сознания, на заседаниях круглого стола рассматриваются вопросы, связанные с формированием новой модели сознания и мышления. Это не только сохранение собственной культуры, исторического опыта и традиций, но и опора на национально-культурные корни. Учителя-предметники - научные руководители школьных проектов в рамках реализации проекта направляют учащихся по разработке карты сакральных мест Акмолинской области.

Для того чтобы выжить в современном глобальном мире необходимо изменяться! За годы независимости в Казахстане многое сделано в сфере образования для повышения его качества, конкурентоспособности и эффективной интеграции в международное научно-образовательное пространство. При этом на современном этапе в контексте третьей модернизации необходимо обеспечить качественно новый уровень подготовки казахстанских специалистов, «адаптированных к глобальной конкуренции в сфере знания». Адаптация к новым условиям — это процесс постоянного изменения, в рамках которого наиболее важным является вопрос адекватных механизмов и проектов посредством которых будут осуществляться изменения.

### Литература:

1. [http://akmoedu.kz/ Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру](http://akmoedu.kz/)
2. [http://icite.ru/8346/citaty/cherhill\\_uinston/shkolnie\\_uchitelya\\_obladayut\\_vlastyu#.WgVAtXZx0dU](http://icite.ru/8346/citaty/cherhill_uinston/shkolnie_uchitelya_obladayut_vlastyu#.WgVAtXZx0dU)
3. <https://infourok.ru/konspekt-uroka-po-muzike-na-temu-zastivshiy-mig-kazahskogo-valsaklass-1075592.html>
4. <http://www.lib.okno.ru/omsk/valixanov.htm>
5. <http://collegyy.ucoz.ru/publ/21-1-0-10821>

## ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГОВ ТИПО В УСЛОВИЯХ СИСТЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ

Кусаинова А. Т.,  
начальник отдела МОИР  
ФАО «НЦПК «Өрлеу»  
ИПК ПР по г. Астана

Одним из основных факторов обеспечения устойчивого экономического роста страны, социальной стабильности казахстанского общества, механизмом поддержания устойчивой занятости молодежи является создание высокоэффективной национальной системы технического и профессионального образования. Системе технического и профессионального образования предъявляются большие требования по подготовке квалифицированных, мобильных кадров.

Современный мир не стоит на месте, он постоянно развивается, дополняется, внедряются новые технологии, все это требует от человека приобретения, развития умений и навыков, способствующих повышению профессиональной компетентности в том или ином вопросе. Педагог не исключение, ведь он является носителем информации, что подразумевает постоянное ее обновление. В современном мире, когда происходят глобальные изменения в системе образования, очень актуально высказывание Н.Д. Зеленского «Никогда не считай, что ты знаешь все, что тебе уже больше нечему учиться».

Обучение – это процесс, продолжающийся всю жизнь. Так как именно педагогам отводится роль просветителя общества, сподвижника внедрения изменений в образовании, то конечно сами они должны стремиться к переменам, порождать их, принимать самостоятельные решения и нести за них ответственность, повышать свой профессиональный уровень.

Совершенствование качества обуче-

ния и воспитания, подготовка квалифицированного, социализированного, конкурентоспособного специалиста зависит от уровня профессиональной подготовки педагога. Педагог, который ставит перед собой цели, ориентированные на результат в виде востребованного специалиста – сам мотивирован на совершенствование своего профессионального мастерства.

**Повышение квалификации педагогов** – это постоянный процесс обновления профессиональных знаний, умений и навыков, который должен стать частью целостной и долгосрочной программы развития образовательной системы.

Курсы повышения квалификации дают возможность не только узнать о новых требованиях и технологиях современного образования, но, прежде всего, встретиться с единомышленниками: с людьми, искренне преданными своему делу, с безграничной любовью к своему предмету, и детям.

Международный опыт повышения квалификации показывает, если у нас и в России обязательно один раз в 5 лет необходимо проходить повышение профессионального мастерства преимущественно 72 часа, то в Финляндии ежегодно 3 дня в течении года, в Сингапуре ежегодно не менее 100 часов, в США 24 часа ежегодно.

«Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу», является подструктурой МОН РК, включает в себя 17 филиалов, является лидером в повышении квалификации педагогических кадров нашей страны, открывает новые

возможности для совершенствования профессионального мастерства педагогов. Перспективным направлением является введение ваучерно-модульной системы повышения квалификации работников образования. Ваучерно-модульная система повышения квалификации - форма повышения квалификации, предоставляющая работнику образования возможность выбора организации, содержания и сроков обучения, финансируемая на основе подушевого норматива, установленного государством и оформленного в виде именного документа (ваучера), обеспеченного определенной суммой денег. [1]:

Положительными сторонами ваучерной системы повышения квалификации являются:

- финансирование непосредственными потребителями, которые самостоятельно осуществляют выбор места и время прохождения повышения квалификации;
- увеличение вариативности образовательных программ и способности потребителя существенно влиять на их содержание и качество;
- более гибкий и оперативный учет профессиональных запросов педагогов.

Деятельность филиала АО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана протекает в русле общих целей национального центра и его подразделений, но в то же время институт имеет свои достижения и результаты.

Концептуальной основой деятельности ИПК ПР по г. Астана в повышении квалификации педагогических работников является «обучение на протяжении всей жизни», нацеливающая педагогов на самосовершенствование и профессиональную самореализацию.

В рамках повышения квалификации педагогов города выработаны разные подходы к решению проблемы постоянного обучения учителей, созданию ус-

ловий для их самостоятельной работы и получения курсовой, межкурсовой консультационной помощи.

Образовательные программы курсов повышения квалификации, разработанные на основе принципов и стратегий новой философии образования и компетентного подхода нацелены на внедрение в практику современных педагогических технологий и на применение активных методов обучения, развитие критического и креативного мышления, углубленное использование ИКТ в педагогической практике. Модульный принцип программ курсов позволяет гибко и мобильно реагировать на запросы педагогов в условиях модернизации системы образования.

Тематика краткосрочных курсов разнообразная, с одной стороны, стимулирует развитие педагогов, и, с другой стороны, отвечает интересам большинства преподавателей ТиПО.

На сегодняшний день мы имеем возможность разрабатывать программу курсов повышения квалификации согласно той тематике, которую заявляет сам коллектив колледжа в соответствии с образовательными потребностями или методической теме учебного заведения.

Переход всех классов на обновленное содержание будет завершен к 2020 году. В сентябре 2020 года колледжи начнут принимать абитуриентов на базе 9-х классов, прошедших программу обновленного содержания образования. А это значит, что уже необходимо преподавателям колледжей проходить курсы повышения квалификации в рамках обновления содержания образования, применять новые подходы в преподавании и обучении, в основе которой заложена конструктивистская теория обучения, базирующаяся на утверждении, что развитие мышления обучающихся происходит в условиях взаимодействия имеющихся знаний с новыми, либо со знаниями, полученными на

занятиях из различных источников: от преподавателя, от сверстников, из учебников [2]:

Главная задача – педагогов системы ТиПО подготовка востребованного, высококвалифицированного специалиста, для реализации которой могут служить применение эффективных технологий и способов обучения: технологии критического мышления, проектные, развивающие и другие современные технологии.

В Послании Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» отмечается, что «в Интернете необходимо размещать видеоуроки и видеолекции от лучших преподавателей средних школ, колледжей и вузов». В рамках реализации данного направления открыт образовательный портал «Өрлеу», где размещаются лучшие уроки педагогов Республики. В настоящее время на данном портале размещено более 17 видеоуроков педагогов г. Астана, из них один видеоурок преподавателя гуманитарного колледжа, обладателя Гран-при конкурса «Лучший преподаватель ТиПО -2018» Таукен Ж.Е.

Жалпы, оқу мақсатында тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Себебі, күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Ал, тыңдалым дағдысы бойынша: негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады.

**Тыңдалым** – орыс тіліндегі «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – яғни, «есту арқылы түсіну». Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің

нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым. «Тыңдалым кезінде тілді меңгерген тыңдаушы бір не бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді».

Мысалы, кез келген мәтінді тыңдата отырып әртүрлі ресурстар арқылы оқушыны ынталандыруға болады. Мысалы: Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасын оқытқанда табиғат көрінісін бірге көрсете отырып аудио арқылы шығарманы тыңдатып, тыңдағаннан алған әсерің қандай, қандай ой келді деген сұрақтар қою арқылы оқушыдан неше түрлі жауап ала алатынымызға көзім жетті. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың: «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жанында сақтауы тиіс деп ойлаймын.

Тыңдалымның тиімділігі өмірде қарым-қатынасты (коммуникацияны) жүзеге асыру үшін оқушы уақытының: 9% - жазуға, 16% - оқуға, 30% - сөйлесуге, 45% - сөйлеуді қабылдауға, тыңдауға жұмсайды екен. Сондықтан тыңдалым сабақтарда жиі қолданып отырса, нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалады: ынтымақтастыққа үйренеді, жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді, өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді, өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді, бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға үйренеді.

**Тыңдалым дағдысы бойынша:** негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау,

түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады; Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады. Ал тыңдалым дағдысы дегеніміз не? «Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым». Ал «Шет тілдерді игерудің жалпы еуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға» кітабында тыңдалымға келесі анықтама берілген: «Тыңдалым кезінде тілді меңгерген тыңдаушы бір не бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді».

**Тыңдалымның мақсаты оқушыны:** аудиожазбаның мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін деталдарын түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, сөйлеушінің сөзін еш қиындықсыз ұғынуға, ауызекі, анық құрылмаған сөйлеу тілін өзге адамдардың көмегінсіз түсінуге, бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадиобағдарламаларды еркін, түсініп қабылдауға, таныс және бейта-

ныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге, т.б. үйрету.

**Тыңдалымға арналған белсенді жұмыс түрлері:** оқушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану көп септігін тигізеді. Оқушыда тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін белсенді жұмыс түрлері өзекті, қызықты, әртүрлі болуға тиісті.

**Тыңдалым дағдысын қалыптастыруға арналған белсенді жұмыс түрлері:**

**«Айқайлап диктант оқу»:** сынып оқушылары екі топқа бөлінеді. Бірінші топ оқушылары мәтінді айқайлап оқиды. Екінші топ оқушылары бір ғана оқушыны тыңдап, диктант жазуға тырысады. Осы арқылы оқушылар ерікті зейінді қалыптастырады әрі өмірге бейімделеді. Оқушылар аудиоматериалды екі рет мұқият тыңдайды (ол сюжетті мәтін, өлең, публицистикалық ақпарат болуы мүмкін). Тыңдалымнан өздеріне таныс емес сөздерді жазып алады, сөздік арқылы аударады. Аудионы тағы екі рет тыңдап, жазбаның мазмұнын толық түсінуге тырысады. Сыныппен ой бөліседі. Осы әдісті жүйелі қолдану – оқушылардың тыңдау арқылы түсіну дағдысын қалыптастырады.

**Суреттеу:** оқушылар аудиожазбаны (сөздік диктант) тыңдай отырып, мағынасына қарай сөзді суретпен бейнелейді. Осы арқылы оқушылардың зат пен атауды байланыстыра алу қабілеті қалыптасады.

**«Синонимдерді тап»:** оқушыларға сөздер ұсынылады. Олар тыңдалған мәтіннен осы сөздердің синонимдерін тауып, жауап парағына белгілеуі ке-

рек. Осы арқылы оқушылардың тыңдау әрекеті мен сөздік қоры дамиды.

**Тыңдалымға арналған аудиожазбалар мәтіндері.** Бұған әр сыныптың, әр оқушының жас ерекшелігіне байланысты мәтіндер алуға болады.

Аталған дағдыларды қалыптастыруда келесі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады: оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру, барлық оқушының сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту, өз ойын жеткізуге, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, проблемалық оқыту арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру, сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану, мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, мәселені талқылау, ой қорытындылау, өз ойын ашық айта білуге тәрбиелеу, сабақ процесінде оқушының белсенді іс-әрекеті белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталады. Оқушы өз көзқарасын қалыптастырып, басқалардың да пікірін ескереді. Жаңа идеялар ұсынуда және жаңа мүмкіндіктерді көруде, мәселелерді шешуде ұжымдық оқыту

технологиясының маңызы зор, ұжымдық оқыту технологиясының мақсаты – оқушының қабілетін дамыту, еңбекке баулу, ұйымшылдық қабілеттерін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзін-өзі басқару. Сабақты өткізуде мұғалім келесілерді ескеруі қажет: сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтиже анық болуы тиіс, тілдік төрт дағдыны (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) дамыту, белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін арттыру, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс, оқу жетістігін критериалды жүйе арқылы бағалау.

**Нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалады:** ынтымақтастыққа үйренеді, жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді, өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді, өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді, бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға үйренеді.

Қазіргі кездегі білім берудің барлық жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

### Әдебиеттер:

1. Қ. Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002 ж.
2. Н. Қ. Мухамадиева, Н. Ә. Үстемір «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002 ж.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы, 2000 – 2006ж.ж.
4. Орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Мұғалімге арналған нұсқаулық» әдістемелік құрал, 2015 жыл 4, 22 бб

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Құдайбергенұлы Болат,**  
*т.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы*  
*Павлодар облысы бойынша ПҚ БАИ*  
**Құдайбергенова А. Б.,**  
*№1 қазақ орта мектебінің тарих пәні*  
*мұғалімі, Ақсу қаласы*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды.

Мемлекет болашағының кепілі - жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел, талантты, ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты - білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н. Ә. Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» - деген.

Ал, дамудың негізі білім мен ғылым-

ға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты тәуелсіз елімізде білім беру жүйесінің сапасын жетілдіру - ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беру, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуындағы ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштері - жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеру болып табылады.

*Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек.*

**Ахмет Байтұрсынов**

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен

танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болыптабылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

**Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшелігі 10 бөлімнен тұратын** жаңа құрылым болып табылады. Бұл ерекшеліктер: пәннің маңыздылығы; пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты; шетелділік саясатты іске асыру; оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар; пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер; түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі; оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту; оқу нәтижелерін бағалау жолдары; оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

**Бағдарламаның міндеттері:** пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру; пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету; пән бойынша жаңартылған білім беру

бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету; мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

**Оқудан күтілетін нәтижелер:** мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді; пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі; пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі; мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

**Тарих пәнін оқытудағы мақсаты** - білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану; сыни ойлау; зерттеу жұмыстарын жүргізу; ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану; әртүрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану; топта және жеке жұмыс істеу ептілігі; проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру сияқты негізгі кең ауқымды дағдыларға негізделген.

**Педагогикалық әдіс-тәсілдері** құндылықты-бағдарланған; әрекетті; тұлғалық-бағдарланған; кіріктірмелі; коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар тарих пәнін оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Тарих пәнінің оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және тіршілік жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

**Тарих сабақтарында оқыту әдіс-тәсілдеріне** жеке-жеке тоқталатын болсақ:

**Құндылықты-бағдарланған тәсіл** – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

**Тұлғалық-бағдарланған тәсіл** – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы,

азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

**Жүйелік-әрекетті тәсіл** – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

**Коммуникативтік тәсіл** – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

**Интегративтік тәсіл** – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әртүрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әртүрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**Зерттеу тәсілі** – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

**Интербелсенді әдіс** – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында

мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интербелсенді әдісте оқушылар терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту; өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру; ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу; өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру; пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу; шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу сияқты білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді. Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар бірлескен жұмыс; танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту әрекеттерін атқаруға дайын болу керек.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері: бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық), рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.) презентациялар, тренингтер, интервью, сауалнама т.б.

Оқыту тәжірибесінің барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық тапсырмалар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін

көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық тапсырмалар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалану білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

**«Екі ассоциация» ойыны.** Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, саясат, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

**«Қара жәшік» ойыны.** Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған заттын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

**«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны.** Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ойтұжырымды оқиды: «Ы.Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы

тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

**«Ыстық орындық» әдісі.** Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

**«Автор орындығы»** оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

**«Миға шабуыл» стратегиясы** (мұғалімдермен жұмыс). Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз. Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: «оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?»

**«3 Таяқша» әдісі** (мұғалімдермен жұмыс). Берілген тақырыпқа байланысты 1 сұрақ, 1 жауап, 1 идея әр топ даярлап, көпшілікке салады. Мысалы: «Абылай хан»

**«Бинго» ойыны.** (мұғалімдермен жұмыс). Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Мысалы: 16-сұрақ. Ұлы отан соғысы болған жылдар? Алдымен мұғалімдерге жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашу, салыстыру, «Әдіс алмасу үшін».

**«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі.** Бұл мәлімет **шындық** па немесе **жалған** ба? Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

**«Әңгімеге негізделген жазу»**

Ұйымдастыру: топпен / жұппен

жұмыс.

**Мақсаты:** әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу.

**Қажетті материалдар:** ақ парақтар, қалам

**Сипаттамасы:** берілген әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашықхат, электрондық хат, күнделік жаздыру үшін оқушылар шағын топтарға немесе жұптарға бөлінеді. Оқушылар берілген жұмыс түрлерінің бірін таңдайды немесе жеребе арқылы анықталады. Жазу уақыты белгіленіп, оқушыларға ескертіледі. Әр топта немесе жұпта бір хатшы сайланады. Оқушылар не жазатындарын талқылап, бір-бірімен пікір алмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі.

**Шақыру қағазы.** Оқушылар мазмұны кеш, туған күн немесе басқа да мерекелер туралы айтылған әңгімені тыңдағаннан кейін шақыру қағазын жазады.

**Хат.** Оқушылар әңгіме кейіпкерінің атынан хат жазады.

**Ашықхат.** Оқушылар әңгіменің кейіпкерінің атынан кейіпкердің ата-анасына хат жазады.

**e-mail.** Оқушылар әңгіменің бір кейіпкеріне электрондық хат жазады.

Қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты

ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ, - деп ойлаймыз.

Бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өзбетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі,

әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

### Әдебиеттер:

1. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдері. <http://martebe.kz>.
2. С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу. «Қазақстан тарихы» №1 2006 ж.
3. Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.
4. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Қ.Сарбасова.(2006 ж)
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық 1 деңгей, 2 басылым, 2014 – жыл.
6. Тарих сабақтарында заманауи әдіс-тәсілдер мен тиімді педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыру. <http://bilim-all.kz/jospar/972>

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жанузакова Н. А.,  
«БАҒО «Өрлеу» АҚ филиалы  
ШҚО бойынша  
ПҚ БАИ, Өскемен қаласы

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі

әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» - деп айтқан [1]. Ал біздің мемлекетіміздің әрбір азаматы ағылшын тілін жетік меңгеруі үшін, оны біз мектепте бастауыш сыныптан бастауымыз

керек. Сондықтанда ағылшын тілін мектептерде жүйелі оқыту үдерісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Ағылшын тілін оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың ағылшын әліпбиін танып, ажырату, сөйлеу дағдысын дамыту, қарапайым қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, ағылшын тілін меңгертіп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда ағылшын тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы.

Тілбілу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап қуанатынымыз да белгілі.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Білім беру саласында қол жеткізілген бүкіл әлемдік бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігін көрсетеді. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшеліктері оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады.

Сондай-ақ, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында орта мектепті бітірушінің негізгі құзыреттіліктерінің бірі: коммуникативтік (қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас

жасауға қабілеті) болып табылады [2]. Яғни, тілді үйретудегі негізгі мақсаты - ағылшын тілінің әлемдік тіл екенін ескере отырып, оқушыларды осы тілде еркін ойлап-сөйлеуге үйрету; оқушылардың сөйлеу қабілетін жаңа технологияларды пайдалана отырып дамыту; оқушыларды өзге ұлттың мәдениетімен таныстыра отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Демек, бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу-тәрбие жүйесінің үлесіне тиетінін ескерсек, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ағылшын тілін еркін меңгеруге ықпал ететін әдістердің, түрлі технологиялардың алатын орны ерекше.

Қазақстандықтардың лексикалық капиталының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі іскерлік және халықаралық қарым-қатынас құралы ретіндегі шет тілдері болып табылатындықтан, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі - шет тілдерін оқыту процесінің ауқымды білім беру кеңістігін сақтау көзделіп отыр [3].

Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Шет елдермен қарым-қатынас күшейіп отырған қазіргі кезде оқушылардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру – әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Демек, балаларымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы.

Қазіргі заманның оқушысы дүниетанымы кең, жан-жақты жетілген, өмірлік белсенді ұстанымы бар азамат болуы тиіс. Сондықтан оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеті мен белсенді ой еңбегін дамытуды ұйымдастыру оқу үдерісіне жаңа құралдар мен әдіс тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Ағылшын тілі пәні сабағында оқушының тілді дұрыс меңгеруі үшін әртүрлі ойындарды қолдануға болады. Осы ойынның негізінде оқушылардың ой-өрісін кеңейту, өзіндік пікірін қорғауға, сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету көзделеді. Шет тілінде сөйлеуді, қарым-қатынас жасауды коммуникацияға үйретуді ниет еткен әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығулардың бір түрі ретінде ойындарды қолданатыны сөзсіз. Осыны ескере отырып, іс-тәжірибемде қолданып жүрген ойын түрлерін ұсынып отырмын. Сабақ барысында ағылшын тілінде қолданатын ойындардың түрлері келесідей: фонетикалық, грамматикалық, лексикалық.

Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, әрі түсінікті болады. Ойын сабақтары оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге, ойлау қабілетін дамытуға үйретеді. Ойын кезінде балалардың достық сезімін оятып, бір-біріне қамқорлығы, ұжымдық бірлігі нығаяды. Балаларды жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, әдептілікке тәрбиелеуге болады.

Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалана білу мұғалімнің меңгертіп отырған білімін ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектеседі. Оқушының ойын үстіндегі өзін-өзі жаттықтыруы, өмірді білуге деген құмарлығы, шыны-

ғуы, шындалуы, оның ақыл-ойы, дене еңбегіндегі белсенділігінің артуы оның алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік-қайратын шыңдайды, алға қарай ұмтылысын, құштарлығын оятады. Осының нәтижесінде оқушының өз бетімен ізденуі, білімді қажетсінуі өсіп, нақтылы мақсаткерлікке ұласады. Ойынға қатысқан әр оқушының алдына жеңіске деген ұмтылыс пайда болады.

### **Фонетикалық ойындар:**

«The funny little clown»

Өлеңде сөйлеу аппаратының қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар қамтылған.

I am funny little clown.

I say, `Ah {a:} – oo (ou) – ee (i) – oo`

My mouth is open wide

When I say `Ah, ah, ah`.

I draw my lips far back.

When I say `Ee, ee, ee`

My lips are very round.

When I say `Oo,oo,oo`

`Ah – oo- ee-oo`

`Ah – oo- ee-oo`

I am a funny little clown.

Жұмыс екі кезеңнен тұрады:

A) өлеңді жаттау;

B) өлеңді сахналау.

**«Қай дыбысты жасырдым?»**  
(жұмбақ-ойын)

Мұғалім бір дыбыс бірнеше сөзде кездесетін сөздер атайды. Тапқан оқушы, өзінің жұмбағын жасыруға мүмкіндік алады. Мысалы: mother, father, daughter, teacher немесе fat, map, cap, sat, dad.

**«Сөзді ата»** (заттармен ойын)

Жүргізуші оқушыларға кезекпен, сөзде сол дыбыс бар сөзді атап, допты лақтырады. Егер ол дыбыс жоқ болса, допты қағып алмайды. Мысалы: fat, map, cap, sat, dad немесе mother, father, teacher.

**Грамматикалық ойындар:**

Conditional clauses. Chains of events

Use of conditional (any type) to describe results of actions; transformations and some free composition; oral or written.

**Procedure:** Give the class if clause: If I had a little sister....

One student suggests a possible result:

A: If I had a little sister, I would take her to the Zoo.

The next student takes the result, reforms it into a condition and suggests a further result and so on.

B: If I took a little sister to the Zoo, I would show her all animals.

C: If I showed her all animals, I would enjoy myself, etc.

The same can be done using other types of conditional:

A: If I am free tomorrow, I shall go to the library.

B: If I go to the library, I shall take a book.

C: If I take a book, I shall prepare for my report, etc.

**Variations:** The same can be done in small groups. In writing it is best done as a class activity: each student gets a sheet of paper, at the top of which he or she writes down his or her own condition. The student fills in a possible result and passes the paper to a neighbor. The next student thinks of and writes down the next event in the chain, (according to the example given for oral work above), and passes it on. After some time (10-12 minutes) the chain will be ready to read aloud or put it up on the wall.

**Future tenses. Horoscopes**

Use of going to or will to express non-real future events; mainly in writing. Procedure: Ask your students to compose a horoscope for an unknown paper on a

sheet of paper: it should be interesting and not too serious. It may relate to a limited future time (next week/ month/ year) or to the person's future life. The papers are folded, collected, and placed in a hat, bag or other container. Each member of the class takes a piece of paper and reads' his or her horoscope' and reads it.

**Variations:** Ask your students to compose very optimistic and desirable horoscopes. Instead of distributing them personally, the horoscopes are put up on the wall round the class. You and all students go round reading them and correcting the English, if necessary. Each student of the class chooses one future he or she would like and writes his or her name at the bottom. Then students read aloud the futures they have chosen for themselves.

**Interrogatives. Find someone with the answer**

'WH' questions; reading and identifying spoken answers.

**Materials:** Slips of paper with 'WH' questions on them; separate slips with corresponding answers. There should be one copy of each question and one of each answer; in total rather more pairs of slips than there are students in the class. For example, you should have about 30 questions and 30 corresponding answers for a class of 20 students.

**Procedure:** Each student gets one question slip and one answer slip. In 'fluid pairs', students ask each other 'their' questions, at the same time giving their answers in response. When a question gets a correct answer, the two students put their slips together and come to the teacher. You check they are right, and take in the slips. These students get fresh slips from your reserve pile, until there are none left.

**Лексикалық ойындар:**

**Ambiguous picture**

Describing and vocabulary practice.

Procedure: Draw a small part of a picture. Ask the students what it is going to be. Encourage different opinions. Do not confirm or reject their ideas. Add a little more to the drawing and ask the question again. Build your picture up in about four stages.

**Abstract picture**

Describing and vocabulary practice.

Procedure: Draw a big rectangle on the board. Draw in the rectangle a variety of squiggles, doodles, shapes (and colours if you have them). Ask the class what they think the picture represents. Assure the students that there is no right or wrong answer and encourage them to use their imaginations.

**Cutting down texts**

Forming new grammatical sentences by eliminating words or phrases from the original.

**Procedure:** Take a short text of up to about 30 words (it can be from your coursebook), and write it up on the board. Students suggest any section of one, two or three words that can be cut out, while still leaving a grammatically acceptable - though possibly ridiculous - text. Sections are eliminated for as long as it is possible to do so.

**For example:**

The princess was awakened by the kiss of a handsome prince.

The princess was awakened by the kiss of a prince.

"The princess was awakened by a prince.

The princess was awakened.

The princess!

Princess!

**Variation:** The students then try to

reconstruct the original text.

Ойындарды тиімді қолдана білсек, оқушылардың рухани дүниесін ізгілендіруге, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға жол ашамыз.

Ұлттық педагогика негіздерімен оқушыларды оқыту арқылы олардың өз халқын сыйлауға, туған тілін құрметтеуге үйренеді. Бұл оқушылар бойына бір-бірімен қарым-қатынас кезінде өзара кішіпейілдікпен қарауды, әдеп сақтауды, сыпайы сөйлесуді қалыптастырады және соның нәтижесінде балалардың тіл мәдениеті жетіледі, сонымен қатар басқа ұлттардың мәдениетін құрметтеуге жетелейміз.

*Тіл үйрену үшін қажеттілік  
не мәжбүрлік емес, шынайы  
қызығушылық болуы маңызды.*

**А. Б. Августин**

Қорыта келгенде, ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл-ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет.

Оқушылардың шет тілінде сөйлеуге деген ынтасын арттырып, қызығушылығын оятатын - ойын. Әр сабақ үстінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес дұрыс таңдау қажет.

Ойын оқушыларды бірлікке бау-

лиды. Баланы оқыту, балаға берілетін білімнің сапасын арттыру, сабақтың жаңа заманға сай жаңаша сипатын күшейте түсу, оқушының шет тіліне қызығушылығын дамыту әр мұғалімнің біліміне, шеберлігіне байланысты. Ойын арқылы өтіп жатқан тақырыпты оқушы қай деңгейде меңгергенін байқауға болады. Ойын балалар үшін әр уақытта ойын болғандықтан, ойын элементтері бар сабақ оқушыларды қызықтырады, белсенділігін арттырып, мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзып, теңдік сезіледі. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, сонымен қатар оның таным-түсінігін де арттырады. Балалар бір-бірімен тез тіл табысып, тапқырлықты үйренеді.

Ойын - шет тілін оқытудың басты тірегі. Осы орайда оқушылардың іс-әрекетінде өзгерістер пайда болып, топтасып жұмыс істеуге, білгендерін ортаға салуға үйренеді. Грамматиканы жақсы меңгеруге белсенділігі артады. Бала бойында тілді үйренуге деген талпыныс

пайда болып, басқа елдің мәдениетіне, өміріне деген қызығушылығы туады. Пікір алмасып өз ойын дәлелдей алады. Сөздерді дұрыс айтуға ұмтылады, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастырады. Өзіне деген сенімділігін арттырады.

Шетел тілі сабақтарында дұрыс ұйымдастырылған ойындар оқушылардың таным-түйсігіне жағымды әсер етіп, алған білімдерін қолдана алуына ықпал етеді.

Осы ойынның негізінде оқушылардың ой-өрісін кеңейту, өзіндік пікірін қорғауға, сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету мақсаты көзделеді. Шетел тілінде сөйлеуді, қарым-қатынас жасауды, коммуникацияға үйретуді ниет еткен әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығулардың бір түрі ретінде ойындарды қолданатыны сөзсіз. Көбінесе ойынды жаңа тілдік материалдарды бекітуде, сабақты қызықты өткізу үшін, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруда, білім деңгейін тексеру құралы ретінде қолдануға болады.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.- Астана. Ақорда, 2012
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған 2012-2016 жж. ұлттық іс-қимыл жоспары: Үкімет қаулысы.-25.06.2012, №832
3. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2011 жыл 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген
4. Debra Wise, *Great big book of children's games.* – printed in the USA, 2003. – 318 p.
5. Penny McKay and Jenny Guse, *Five – minute activities for young learners.* – printed in the UK at the University Press, Cambridge, 2011. – 155 p.
6. James Kealey and Donna Inness, *Grammar-Focused Interactive ESL/EFL activities and games.* – printed in the USA, 2002. – 152 p.

## MULTILINGUALISM AS ONE OF THE PRIORITIES OF MODERN EDUCATION

**Кабдушева А., Аубакиров А.,**  
*филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по*  
*Акмолинской области, г.Кокшетау*

Today it is impossible to imagine that somewhere else there are countries whose people have only one language. Knowledge of several languages, in fact, opens a window into a large global world with its colossal flow of information and innovations. Reasonable, competent and correct introduction of trilingual education will enable us to be communicative - adapted in any environment. No one will doubt the wisdom of the people: "How many languages do you know - so many times you are a man."

The modern person today is characterized as a person who is fluent in two or more languages, aware of belonging to his own national culture, understanding and respecting the identity of the interlocutor's culture, who is able to participate in intercultural dialogue.

To ensure the achievement of an internationally standard level of proficiency in several foreign languages, the concept of multilingual education was formulated. It assumes the formation of a multilingual personality with a certain selection of content, the principles of instruction, the development of a special technology using multilingual phrasebooks, dictionaries and educational methodical literature, which would indicate the similarities and differences in the basic, intermediate and new language of instruction. In the new technology of teaching it is necessary to ensure the identity of the content of instruction in the second and third

languages, beginning with universal linguistic phenomena, to pass to the language specific for the new, studied. A multilingual personality is a model of "a person viewed from the standpoint of his willingness to produce speech acts, create and accept works" (statements and texts) in three or more languages.[1]

The multilingual competence makes it possible and successful to independently master the basics of unfamiliar languages; therefore, the competence of polyglots can be considered as not only the possession of several foreign languages, but also as the ability to learn foreign languages, the possession of "a sense of language", the desire and the ability to independently learn foreign languages.

The question arises about the organization of a multilingual education for a person capable of active work in a multinational and multicultural environment, with a developed sense of understanding and respect for other cultures, the ability to live in peace and harmony with people of different nationalities, races and beliefs. Trilingual education, with the appropriate principles of humanism, can stimulate humanization in the national educational system. The basis for the need to prioritize the native language of culture in general, which, while actively adapting the languages of other peoples, is strengthened in its richness and uniqueness, is the methodical principle that is put forward as a conceptual solution

to the social and philosophical problems of the humanization of the multilingual educational space of the modern world. [2]

Currently, foreign languages are becoming one of the main factors of both socio-economic and general cultural progress of society.

The goal of managing the educational process in terms of trilingual education can be formulated as improving management effectiveness. It leads to more effective mastering of knowledge, skills and abilities and allows to intensify the learning process of a foreign language and to achieve for a relatively small amount of hours of high results both in the language plan, and in terms of co-management and self-management of the learning process. [3]

Learning a foreign language forms a communicative skill, so necessary for a person as a member of society, a member of the collective, a member of the family. It involves the ability to listen to the interlocutor, join the communication to support it. English as a means of international communication takes the leading position in the world. This is due primarily to the rapid development of high technologies (space, information laser technology, bio and nano technologies), and the economy. Competences in the field of foreign languages and for the country's economy, and for the development of regions, and, of course, for the citizens themselves. Anyone who wants to get higher chances for successful employment and professional career should have at least a sufficient command of at least one foreign language. [4]

Development of the multilingual consciousness of the individual; algorithm of speech development; mental, oral, written; communication. The development

of speech is the development of thinking. Speech is impossible without thoughts, without an outstripping internal process. Knowledge of Kazakh, Russian and foreign languages becomes an integral part of personal and professional activity of mankind in modern society. All this in general causes the need for a large number of citizens, who practically and professionally speak several languages and receive in this connection a real chance to occupy a more prestigious position in society both socially and professionally.

Interest in languages begins with the school bench. The teacher should call this interest, and teachers are to develop it. Huge responsibility for the implementation of this system rests with the parents. The same great responsibility, only on the other hand, lies with the teachers. In any situation and at any level, in order to learn the language, one must speak on it. From an early age, it is necessary to teach students to live in a multicultural society, to cultivate poly-lingual tolerance. It is necessary to explain to the child why he should leave his entertainment and at some point come to school a year earlier, start learning a foreign language that no one in the family speaks. The main task of parents is to support the child. As for teachers, it is necessary, through communication skills and skills, to get a child interested in learning languages, so that the initiative and desire are from the child's side.

Trilingual education forms a communicative skill, very necessary for a person as a member of society, a member of the collective, a member of the family. This ability involves listening to the interlocutor, supporting the interlocutor in communication.

The truth is simple: the world is open

to those who can master new knowledge through mastering Kazakh, Russian and English languages. Undoubtedly, using innovative methods in lessons, forming interest in learning, introducing new technologies, teachers activate language competence and thereby contribute to the effectiveness of mastering languages.[5]

Teaching foreign languages puts forward the task of humanitarian and humanistic development of the child's personality. This is facilitated by familiarity with the culture of the countries of the studied language; education of courtesy, goodwill; awareness of yourself as a person of a certain gender and age, personality. The study of foreign languages is also called upon to contribute to the development of independent thought, logic, memory, the imagination of the child, to the formation of his emotions, to the development of his communicative cognitive abilities.

Knowledge of languages reveals great prospects for them in training, further work: such as studying abroad, training in foreign countries, free movement in the world space. The tri-unity of languages is the key to the successful education of the youth of Kazakhstan, its reliable stronghold.

A multilingual speaker is, firstly, the most important person in the world, when he is able to think in his own language, to become an example for his people, to be able to compete in a different way, to understand culture from the point of view of consciousness. Multilingual education is the basis of a multicultural personality.

We, the Inservice Institute of pedagogical workers of Akmola region conducted Educational professional development courses for teachers «Formation of Subject-Matter and Linguistic Competences of Teachers

in the Context of Learning in Three Languages». The course included the goal of enhancing the competitiveness of the country for sustainable economic growth. The development priorities: transition to content and language integrated learning; training of multilingual educators, able to teach in three languages. Subject teachers gradually improved English language proficiency. Formed the ability to plan a lesson using TKT CLIL and interactive teaching methods in accordance with the skills of the 21 st century in science subjects; The main international trends in teaching subjects in English for non-native speakers include CLIL (Content and Language Integrated Learning). CLIL is a method of integrating content and language in the learning process: through the use of foreign language, learners study subject specific content, while improving language skills and motivation to study the subject matter. It means the study of the content is not possible without learning a language, as well as language learning cannot be separated from content and context. Immersion programs are used for teaching two or more languages. One of them is the native language, and the second is a foreign language. At least 50 percent of the curriculum is absorbed through the second, i.e. foreign language for one or more years. Usually children participating in the language immersion programs, speak the same first language, they have no or limited experience of second language use outside of school. Thus, a review of international studies and practices allows us to conclude that there are proven methods of teaching not only a foreign language, but subjects in a foreign language. Early foreign language learning concept is confirmed to be successful by

the European practice. Successful results were also showed in the use of content and language integrated learning. After we saw the result of the work, we can state that the use of CLIL programs is relevant to teachers' professional development system in the context of trilingual education.

As a result, I want to say that we are ready to contribute to create a competitive, communicative, positive personality, capable of active life in a multinational and multicultural environment with a developed understanding and a sense of respect for other cultures.

### References:

1. Назарбаев Н. А. *Новый Казахстан в новом мире* // *Казахстанская правда*. – № 33(25278). – 2007. – 1 марта
2. Джейсон Сеноз, Фред Генеси. *За двуязычием: Полиязычие и полиязычное образование*. – 1998. – 269 с.
3. Назарбаев Н. А. *Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда* // *Казахстанская правда*. – 2012. – № 218-219. – 10 июля.
4. Жетписбаева Б. А. *Теоретико-методологические основы полиязычного образования: Автореф. дис. д-ра пед. наук*. – Караганда, 2009. – 46 с.
5. *Полиязычное образование: теория и методология*. – Алматы: Білім, 2008. – 343 с.

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢАНДЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ

Баекина Д. Б.,

№80 мектеп-гимназияның физика  
пәні мұғалімі, Астана қаласы

Жаңартылған мазмұндағы білім беруде оқушылар бойында жаһандық дағдыларды дамыту маңызды орын алады. Мектеп қабырғасынан оқушыларда жаһандық дағдыларды дамыту - қазіргі уақыт талабы.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және

жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. 2019 жылдан 10-11-сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру басталатын болады. Нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді меңгеретін болады. Сонда ғана нағыз азаматтық қоғам құрылады.

Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет

тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» деп көрсетілген. [1]. Қойылған мақсатқа жетудің баспалдақтары жаһандық дағдыларды дамыту.

Әлемдік оқу стандарттары және өзін-өзі дамыту жүйесі «Жан-жақты ойланып жүйелі шешім қабылда» принципі бойынша дамитын мәдениеттер айырмашылығын бағалау, әртүрлі көзқарастарды түсіну және ескеру, сыни тұрғыдан ойлауға және фактілерді салыстыру, әртүрлі тапсырмаларды шеше білу, белгісіздік жағдайларында әрекет ету қабілеттері, сондай-ақ жаһандық проблемаларды және сынақтарды түсіну және т.б. ауқымды, түйінді құзыреттіліктен тұратын жаһандық дағдыларға сүйенеді. [2].

Жаһандық дағдыларды дамыту қазіргі таңда білім берудегі өзекті мәселердің бірі. 2000-жылдардың ортасынан әртүрлі деңгейде «21-ғасыр дағдылары» (21st Century Learning Skills) Концепциясы белсенді талқыланып келеді. Осы дағдылар адамдарға өмірдегі мақсаттарын іске асыруға, мансап жасауға және жаңа өзгерістерге тиімді жауап беруге көмектеседі. Бұл қандай дағдылар? Төменде жаһандық дағдылардың түрлеріне тоқталып, мағыналарына мән берсек:

Сыни тұрғыдан ойлау: мәселелерді шешу, ой толғау, талдау, интерпретациялау (түсіндіру), ақпаратты жалпылау.

Зерттеушілік дағдылар мен әдістер

Креативтілік (шығармашылық): әртістік, қызығушылық, қиялдау, инновациялар, өзін-өзі көрсету;

Бастама көтеру: табандылық, өзіндік жұмыс, жоспарлау, өзін-өзі тәртіпті

ұстау, өзгерістерге бейім болу қабілеті;

Коммуникативтілік (байланыс жасау): сапалы ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдылары, көпшілік алдында мұқият сөйлеу;

Ынтымақтастық: көшбасшылық, топта жұмыс жасау, ынтымақтастық, виртуалды коворкинг (электрондық пошта мен арнайы қосымшаларды пайдалану);

Медиа-сауаттылық: ақпараттық және коммуникациялық технологияларды білу, деректерді түсіндіру және талдау;

Жауаптылық: азаматтық, этикалық және әлеуметтік сауаттылық, жеке және әлеуметтік жауаптылық;

Жаһандық сана: көпмәдениетті құзыреттілік, гуманизм [3].

Экономикалық ынтымақтастық және даму Ұйымы өткізетін білімді бағалаудың халықаралық жүйесі бағдарламасына «жаһандық дағдылар» (global skills) және мәдени даму енгізіледі. Ұйым 21-ғасырдағы білім беруді кеңінен түсінуде жаһандық дағдыларды орталық элемент деп таниды. [4]

Жаһандық дағдыларды дамытуға мектептің жоғары сыныптарында жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде өткізу маңызды. Өткен жылының қыркүйек–қараша айларында физика, химия, биология, информатика пәні мұғалімдері үшін Назарбаев университеті ұйымдастырған ағылшын тілі бойынша оқыту курсына қатысып, білімді жетілдірдім. Курстық оқу барысында тыңдаушыларға, тек ағылшын тілін үйренумен бірге білім беру үрдісіне байланысты бірнеше бейне-лекциялар тыңдауға мүмкіндік болды. Назарбаев Университетінің профессоры Линн

Пармендердің «Жаһандану дағдылары туралы» лекциясы қарапайым және түсінікті мысалдар келтірілуімен өте ұнады. Онда жаһандану дағдыларының анықтамасы берілді. Жаһандылық дағдылар: Ойлау. Әрекет. Икемділік және бейімделу деп үш бөлімге жіктелді.[5] Олардың әрқайсысын бірнеше қабілеттіліктерге бөліп, түсіндірме берді. Жаһандық дағдыларды меңгеру өмір қажеттілігі. Мектеп бітірген түлектің оқу оқып, жұмысқа тұрғаннан соң, сол жұмыста өмір бойы қалуы сирек болады. Әлемдегі үлкен өзгерістер жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігін туғызады, басқа жұмыс, басқа кәсіп іздеуге тура келеді. Осы дағдыларды меңгеру келешекке нығыз аяқ басуға жағдай жасайды. Оқушылар Қазақстанның әлемдегі орны? Өзі тұрып жатқан немесе қандай да басқа бір аймақ әлеммен қалай байланысқан? және т.б. көптеген сұрақтарға жауап береді.

Физика сабақтарында жаһандық дағдыларды дамыту мүмкіндігі көп.

Топтық жұмыста оқушылар бір мәселені жан-жақты қарастырып, түрліше шешімдерді тыңдап, ішінен тиімдісін таңдайды.

Бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларын орындау кезінде оқушылар өзара тең балама бір немесе бірнеше жауаптарды іріктеп алады.

Жағдаяттық есептерді шешу барысында бір есептің әртүрлі жағдайларда қандай өзгерістер болатынын анықтап, өзгерістерді сипаттайды, себеп-салдарлық байланыстарды (Егер ... , онда ...) талдайды. Сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамыту үшін көптеген деректерді талдап, қойылған сұрақтың шешімін топтық жұмыста іздейді.

Зерттеушілік дағдылар мен әдістер

көптеген зертханалық жұмыстар (эксперименттік тапсырмалар) мен практикумдарда дамиды. Оқушылар жобалық жұмыстар дайындайды. Ғылыми жобалар байқауына қатысады.

*Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс.*

**Н. А. Назарбаев**

Ағылшын тілін меңгеру ғылыми жұмыстармен айналысу мүмкіндігін күрт арттырады. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми еңбектерді ағылшын тілінде тікелей оқып, жаналықтармен танысады, іздейді. Қосымша әдебиеттер ауқымы кеңейеді, шығармашылық жұмыстармен айналысады, ақпаратты этикалық ережелерге сай қолдана білуге үйренеді, академиялық парасаттылық түсінігі қалыптасады. Тақырыпты кеңірек ашу үшін медиа-сауаттылық: ақпараттық және коммуникациялық технологияларды білу дағдыларын меңгеру қажеттілігі туындайды. Ақпаратты өңдеуде графиктік, аналитикалық, кесте, диаграммалық әдіс-тәсілдерді меңгереді. Топтық жұмыс ережелерін сақтау жеке және әлеуметтік жауаптылық сезімдерін дамытады. Топтық және жұп-тық жұмыстарда коммуникативтілік, ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдылары дамиды. Бөлім бойынша және тақырыптық жиынтық бағалауды орындау барысында түрліше жауаптар (қысқа, толық, тізбекті) беруге дағдыланады. Топтық жұмыста көшбасшылық қабілеттері ашылады, ынтымақтастық, бірлесіп жұмыс жасалады. Сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда оқушылар

бойында білімді игеру тәсілдерін меңгеру, азаматтық жауаптылық, этикалық және әлеуметтік сауаттылық, өз ойын нақты дәлелдеулер арқылы негіздеу, басқалардың пікірлеріне дұрыс көзқараспен қарау, болашаққа мақсат қоя білу және оған ұмтылыс жасау дағдыларын дамыту маңызды.

Бүгінгі шәкірт – ертең Қазақстанның белсенді азаматы. Жаһандық

дағдыларды дамыту жаңа ақпараттар тобынан қажетті білімді тауып, қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылар өздігінен жұмыс жасап, дайын шешімдерге дағдыланбай, түрліше ой-қорытынды, талдау жасауға, білімі мен дамуымен айналыса алады. Осы дағдыларды дамыту әркімнен табандылық, өзіндік тәртіп, бейімделуге қабілеттілік, бастама көтеруді талап етеді.

### Әдебиеттер:

1. [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar)
2. <http://conferences.nis.edu.kz/wp-content/uploads/2017/01/%D0%98%D1%81%D0%B0%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0-%D0%90-%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf>
3. <http://eclab.by/texts/article/navyki-xxi-veka-v-obrazovatelnoy-programme-eclab>
4. <http://worldskillsrussia.org/articles/view/globalnye-kompetencii-mirovoe-soobsestvo-vyrabatyvaet-novye-podhody-v-obrazovatelnoj-politike>
5. <https://youtu.be/sJd9Gb7ode4>

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Даулетова З. А.,  
Орталық Азия университетінің  
магистранты

Баланы өмір сүруге бейімді, мемлекетке қажетті тұлға етіп тәрбиелеп шығару мектеп пен ата-ананың басты міндеті. Заман талабына сай тұлға ең әуелі барлық жағдайды саналы саралайтын сауатты адам болуы тиіс. Ал сауат ашу мүмкіндігі балаға мектепте беріледі.

Оқушылардың қазақ тілінде ойын сауатты жеткізуді бүгінгі білім беру жүйесіндегі басты мәселе деу артық бол-

мас. Мемлекеттік тілде көсіле сөйлеп, таратып жазба жұмыспен айналысатын оқушы санаулы-ақ. Мұның себебі неде?! Оқушы тұрақты ізденуге, үйренуге, талаптанып, тағлым алуға тиісті жан. Мұны ескерсек, терең және жүйелі ойлану; ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу; ақпаратты жан-жақты талдау және бағалау; өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру; пікірталастарға

катысып, өз ойы мен пікірлерін дәлелдеу; шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу; өз біліміне, өміріне деген жауапкершілікті тереңінен сезіну; басқалармен тиімді қарым-қатынас құру әр оқушының бойында болуға тиісті қасиеттер.[1] Ал бұл қасиеттерді баланың бойында қалыптастырушы, бағыт-бағдар беруші ол – мұғалім.

Қазіргі қоғам мен оның экономикасына кез келген жағдаятта, тіпті белгісіздік жағдайында жұмыс жасай білетін мамандар қажет.[1] Ондай мамандарды даярлап шығару ұстаздар қауымының қолында. Мұғалім адамзат баласының болашақ өмірге жол жасауына қажетті құрал-жабдықтың барлығын беретін, беруге тиіс жан. Сондықтан, өз қызметінің жауапкершілігін сезіне білген әр ұстаз шәкіртін мейлінше білім мен білікке, ең бастысы қоршаған ортамен өзара бейбіт қарым-қатынас жасауға үйретеді. Ал адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу құралы – тіл екендігін ескерсек, өз ойын келесі бір адамға ұғынықты жеткізу және одан өзіне керекті білуге тырысу әр адамның тіршілік етудегі басты міндеті болып саналатындығын ажырату қиын емес. Ол үшін бала кезден «кетікке кірпіш боп қаланатындай» бойына ізгі қасиеттерді жиюға тиісті. Соның бірі, әрібірегейі, ХХІ ғасыр талабына сай адам мен техниканың тілін бірдей меңгеруіне мүмкіндік сыйлайтын – сауаттылық.

Бүгінгі таңда сауаттылық ұғымының ауқымы кеңейді. Бірақ соған қарамастан ол әлі де түрлі мәтіндерді түсінумен тығыз байланысты. Кез келген адам үшін ақпаратты немесе білімді меңгеру – барлық анағұрлым жоғары ойлау деңгейлерінің даму негізі болып табылады. Себебі ақпарат сыни

ойлаудың бастапқы нүктесі. Егер оқушының негізгі ақпарат алу көзі оқулық пен сабақта мұғалім ұсынған мәліметтер екендігін ескерсек, онда сабақта оқушының ауызша және жазбаша сауаттылығын арттыруда мұғалімнің таңдаған әдіс-тәсілдері де өзі беретін ақпараты секілді сан алуан болуы тиіс.

Мәтінмен жұмыс жасауда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер өте көп. Атап айтсақ, «Ойлан-жұптас-бөліс», «Кубизм», «ЖИГСО», «Балық қаңқасы», «Төрт ресурс», «Білемін. Білгім келеді. Үйрендім», «Синквейн», «Сюжеттік кесте», «Түйінді сөздер», «Қабырғадағы рөл», «Оқиға картасы», «Оқырман конференциясы» және т.б. әдіс-тәсілдер. Мысалы, фактілер мен пікірлер тәсілінде мұғалім оқушыға факті мен пікір туралы түсінік беріп, оларды үштікке бөледі. Бірінші оқушыға мәтінде берілген фактілердің астын сызуды, екіншісіне сол фактілерге қатысты айтылған пікірлердің авторы мен мазмұнын белгілеуді, үшінші оқушыға мәтінде бағалау ақпараты бар екендігін анықтауға мүмкіндік беретін маркер сөздердің астын сызуды тапсырады да, жұмыс нәтижесін кесте түрінде ұсынуды ескертеді [2]. Ал PRES тәсілі оқушы мәтінді оқып болған соң, мәселеге қатысты өз ойын білдіруі үшін қолданылады.

Позиция: «Менің ойымша, ...» немесе «Мен \_\_\_\_\_ деп санаймын» деген құрылымдарды қолданып, мәселеге қатысты өз пікірін айтып, көзқарасын түсіндіреді.

Негіздеу: «Өйткені...» деген сөзден басталатын сөйлем құрылымын пайдаланып, өз ойының пайда болу себебін, өз ұстанымының неге негізделетінін түсіндіреді.

Мысал келтіру: ойын «мысалы...» сөзімен жалғастырып, өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдемелер келтіреді.

Қорытынды: ойын «Сонымен (сондықтан, сөйтіп), мен \_\_\_\_\_ деп санаймын» сөйлемімен жалғастырып, өз пікірін жинақтап, қалай әрекет жасау керектігі туралы қорытындыға келеді. [2]

Оқушылардың сыни ойлау, сөйлеу дағдыларын дамытуға және оқу белсенділіктерін арттыруға арналған стратегиялардың бірі – «5.15». Мұнда топқа бір тақырып бойынша мәтін немесе ресурс материалы, суреттер беріледі. Үйренушілер осы ресурс бойынша 5 минутта берілген мәселе бойынша 15 идея айтуы тиіс. Спикер топтың идеяларын жазып алып, үлкен топқа таныстырады. Бұдан әрі айтылған идеялар негізінде топтық талқылау жүргізуге болады. Ал «TED әңгімелері» стратегиясын қолданғанда оқушыларға сабақтың тақырыбына қатысты 3-5 минуттық TED әңгімелерін (talks) жеке немесе топтарда дайындауды тапсырады. Егер топтарда дайындалса, топтарға бір спикер сайлауды ескертеді. Спикерлер әрдайым ауысып отырса, оқушылардың барлығын оқумен қамтуға мүмкіндік туады. Оқушыларға 5 минуттық сөз дайындауға беретін тақырыптың өзектілігіне мән берілуі тиіс, себебі, тақырып оқушыларды креативті ойлауға жетелесе, шығармашылық ойлауға итермелесе сәтті болады. [3] Бұл секілді оқушылардың сөйлеу дағдыларын арттыруға қолданатын стратегиялар да жеткілікті: «Кезбе тілші», «Сөз ассоциациясы», «Есімдер таңбасы», «Коллаж әңгіме», «Керемет пікірталас», «Жеті Лақ пен Қасқыр» және т.б.

Тілдесу мен қарым-қатынас құруда сұрақ ерекше маңызды рөл атқарады. Себебі, сұрақ қоя отырып өзара ақпарат алмасамыз, өзімізге қажетті қосымша мәлімет аламыз, алған ақпарат туралы пікір қалыптастырып, оған баға беруге тырысамыз, бақылаймыз, растаймыз немесе жоққа шығарамыз, белгілі бір затқа қызығушылық танытамыз. «Білмегенін сұрап үйренген ғалым болады. Арланып сұрамаған өзіне залым болады», - деген Әлішер Науаи.[4] Сондықтан, дұрыс сұрақ қоя білу өте маңызды. Білім алу барысында оқушыларды сұрақ арқылы белсенді диалогке түсуге ынталандырып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, іздену арқылы кез келген мәселені шешу жолдарын табуға үйрету - мұғалімге міндет.

*Жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасы білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді.*

**Н. Ә. Назарбаев**

Сабақ үш кезеңнен тұрса, сол үш кезеңнің әрқайсысында мұғалім тарапынан оқушыларға өз қабілетін танытуға мүмкіндік берілуі тиіс. Ол үшін сабақ басында «Кіріспе сұрақтар» қою арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға болады. Бұл сұрақтар Блум таксономиясы бойынша ойлаудың жоғары деңгейлері тұрғысында құрастырылады. Кіріспе сұрақтары жаңа тақырыпты зерттеудің бастамасы болып, сұрақты талқылау 5 минуттан аспауы керек. Ой-толғанысты тудырып, оқушыларды дайын жауап беруге бағыттамай, жаңаша тұрғыдан ізденуге ынталандыруы қажет. Дайын жауабы болмауы тиіс, сондай-ақ жауаптардың вариант-

тары көп болуы керек. Жауаптар жазба түрінде келтірілуі керек. Сабақ соңында жауаптарға қайта оралып, дұрыс не бұрыстығы талқылануы қажет.

Кіріспе сұрақтардың үш түрі ажыратылады: аналогиялық сұрақтар (сабақ мазмұны бойынша бір атауды (терминді) басқалармен салыстыруды меңзейді), өзіндік пікір келтіруді талап ететін сұрақтар (оқушыдан ойлау дербестігін талап етеді), болжамдау, жорамалдауды (қиял, фантазия) қажет ететін сұрақтар [1]. Сабақ басында қолданылатын тағы бір тиімді тәсіл ол – «Атаулар туралы үш сұрақ» тәсілі. Мұғалім тақтаға жаңа тақырып бойынша үш терминді жазып, оқушыларға осы терминдерге қатысты мынандай үш сұраққа жазбаша жауап беруді тапсырады: **қайда?** Бұл терминдерді сіз бұрынырақ қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз? **қалай?** Өз тәжірибеңізден осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба? **Қандай?** Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша не жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімге шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты сұрақтарды өзгертіп отырғаны тиімді. [1]

Сабақ барысында қолданылатын тиімді стратегиялардың бірі - «Сұрағы не?». Бұл стратегияда екі топ құрылады. Оқушыларға өткен оқу материалдарынан бір мысал айтып, «Сұрағы не?» деп сұрағанда оқушылар мұғалімнің айтқан жауабына дұрыс сұрақ қоя білуі қажет екендігі түсіндіріледі. Екі топ-

тан екі оқушы тақтаға шақырылады. Мұғалім жауапты оқып, «Сұрағы не?» деп сұрайды. Екі оқушының қайсыбірі бірінші әрі дұрыс сұрақ қойса, сол оқушының тобына бір ұпай беріледі. Жаңа жарысушылар келесі жауаптың сұрағын дәл солай құрастырады. [3] «Жазбаша дөңгелек үстел» (немесе «Раундробин») тәсілінде оқушылар парақтарына өз ойлары мен идеяларын белгіленген уақыт аумағында (2-3 минут) жазып, уақыт аяқталған соң, оң жағындағы көршілеріне парағын ысырады. Көршілері алдыңғы оқушының жазғанымен танысып, сол ойларды әрі қарай жалғастырады. Белгіленген уақыт өте парақтар тағы да оңға қарай жылжытылады да жазуды толықтыру әрі қарай жалғаса береді. Жазба жұмысы парақтың жазу иесіне қайта оралғанша жалғаса береді. Үстелдерді толық айналып өткен парақ қолына тигенде, парақ иесі жазғандардың бәрімен де танысып шығып, қорытынды тұжырым жазады. [1] Осы секілді сабақ соңында қолданылатын тағы бір тәсіл ол – «Көршінің сұрағына жауап». Сабақ аяғында оқушылар қарастырылған тақырып бойынша бір сұрақ жазады (әдетте 1 минут ішінде). Жазып болғаннан кейін олар парақтарын сағат тілі бойынша жылжытып, сол жағында отырған серіктеріне береді. Осылайша оқушылар көршісінің сұрағы жазылған парақты алып, сол сұраққа жазбаша жауап береді. Жазып болған соң, оқушылар сұрақтар мен жауаптарды топ ішінде (немесе жұптасып) бір-біріне оқиды, талқылайды. [1]

Қазіргі білім беру жайындағы Н.Ә.Назарбаев «Жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасы білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір

нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» деген сөзін ескерсек, қай әдіс-тәсіл, стратегияны қолданба, барлығында оқушы өзінің «менін» дара-лап шығуы қажет.[1] Қандай жағдайда да, ол өзінің «менін» қорғайтын, өзгелерге мойындатқыза білетіндей сауаттылық танытуы тиіс.

Қорыта айтқанда, заманауи білім беру жүйесі өскелең ұрпақты ақпаратты дұрыс қабылдаумен ғана шектелмей, оны іздеп тауып алу, іріктеу, нақты

өмірлік жағдаяттарда қолдана білу, оны талдап, бағалап, осы ақпаратты интерпретациялауға үйретуі қажет. Тек сонда ғана оқушының сауаттылығы артады. Себебі, Мария Монтессори айтқандай, әр оқушы болмысынан «Менің өзім жасауым үшін маған көмектес!» («Мені үйрет!» емес) дейді. [1] Баланың сол сұранысын қанағаттандыра алатындай білім берілсе, яғни, тиімді әдіс-тәсілдер қолданылған жағдайда оқушылардың қазақ тілі сабағында ауызша және жаз-баша сауаттылығы арта түспек.

### Әдебиеттер:

1. *Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы/А.Қ.Әлімов. – Алматы, 2013. – 448 бет. 6, 7, 11, 339, 340, 341, 369, 370 б.*
2. *Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері: әдістемелік нұсқаулық. / Т.М.Көпжасарова, К.Г.Утешева. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 60 б.: 13, 14 б.*
3. *Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар. //Құраст.: Н.Ж.Мұратбаева, Ұ. Б. Темирғалиева, А. Е. Кенжебаев. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 34 б.: 20, 24 б.*
4. *«Ақылдың кені» ұлағатты сөздер: Алматы, «Ана тілі», 2012. 91б.*

## ТЕҢДЕУ ҚҰРУ АРҚЫЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

**Теркешова А. А.,**  
№81 Т.Тәжібаев атындағы жалпы орта  
мектеп, Шымкент қаласы  
**Бурабаева Р. С.,**  
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы  
Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ

Математика сабағында оқушылар көбінесе мәселе есептерді шешуге киналады. Себебі, олар есептің мағынасына көңіл аудара бермейді. Сондықтан оқушылардың есеп мәтінін

меңгеруі үшін, есепті теңдеу құру арқылы шешкен тиімді. Ол үшін есепті шешу процесін кезеңдерге бөліп алса, мағынаны түсіну жеңілірек болады. Математика әдістемесінде есепті шешу

процесін есеп мәтінін талдау, есепті шешу тәсілін іздестіру және шешу жоспарын құрастыру, табылған жоспарды жүзеге асыру, табылған шешімді зерттеу кезеңдеріне бөліп, қарастыруға болады:

Мұғалім бірінші кезеңді оқушылардың қабылдауына қолжеткізуі қажет, яғни, өзінің іскерлігінің мақсаты ретінде есептің мағынасын түсіну керек. Бұл жағдайда есеп, ойлау объектісі болып табылады. Сондықтан оқушылардың есеп мәтінін меңгеруі, игере білуі мұғалімнің аса маңызды мақсаты болады. Мұндағы бастапқы кезең есеп шартындағы бөліктер болып табылады. Яғни берілгендер мен олардың арасындағы қатынастар және есептің талаптары, яғни ізделінділер мен олардың арасындағы қатынастар.

*Көкейге қонған математика табысы  
Түбінде өмірден өз орнын табады.*

**Мұхтарбай Өтелбаев**

Бұдан былайғы шарттар және талаптарды арақатынасын сәйкестендіру есептің шешімін іздеу процесіне бағыттайтын есептегі негізгі қатынасты айқындауға мүмкіндік береді. Есеп мәтінінің қысқа түрдегі жазуы, сұлбалар, суреттер құрастыруының маңызды мәні бар.

Сұлбалар мен суреттер есеп мазмұны және ондағы шамалар арасындағы қатынастарды көрсетуге көрнекілік рөлінде алға шығады. Шамалар арасындағы жасырын тәуелділікті айқындайтын модель рөліндегі сұлба одан үлкен мағынаға ие болады. Сондықтан есеп мәтіні бойынша қысқа жазу құрастыру және сұлбаны арнайы

оқытуды қажет деп есептеледі. Есеп шарттары мен талаптарын салыстыру келесілерді анықтауға мүмкіндік береді: есептің сұрағына жауап беру үшін берілгендер жеткілікті ме, олардың арасындағы қарама-қайшылықтар немесе артық берілгендер жоқ па?

Шешудің бірінші кезеңінде есеп шешудің «базисін», яғни шешудің теориялық және практикалық негізін маңыздандыру қажет. Мұнда тағы да есеп белгілі есептер типіне жататындығын (не жатпайтындығын) анықтайды.

Есептерді шешу процесіндегі екінші кезеңде есепті шығару стратегиясын анықтау, маңызды кез болып табылады.

1) теңдеу құруға қатысты белгісіз ізделінеді, шама әлде аралық шама болатынын тағайындалады.

2) негізгі қатынас қандай компонентпен теңдеу құрастырады немесе ол оның барлық компоненттерін пайдалану арқылы құрастырады ма (басқаша айтсақ, қандай шамалар үшін сәйкес өрнек теңестіріледі)?

Кейін іздеу моделінің салу негізінде есептің шешу тәсілін іздеу жүзеге асырылады. Аналитикалық-синтетикалық шешу ізденісі теңдеу құрумен аяқталады. Шешудің сәйкес жоспарын оқушылар мен бірге талқыланады, мұнда есеп шешуінің ізденісіне кестелі жазу қолданылады. Қажет болған жағдайда жоспар есеп шешуінің тәсілі сияқты жазбаша түрде безендіріледі. Мұнда ол оқушы іскерлігінің нысана негізі рөлін орындайды.

Есептерді шешу процесіндегі үшінші кезеңде шешудің табылған жоспары жүзеге асырылады, шешімді тексеруі орындалады, және алынған жауапты жазады.

Төртінші кезең – табылған есеп

шешімін зерттейді (анализ талдау). Мұнда талдаудың өзіндік мақсаты бар: шешудің басты идеясын бөліп көрсету оның маңызды кездерін есепті шешуді қорытады (жалпы қорытындылайды). Шешімнің жетіспеушілігі анықталады және басқа ізденіс, яғни рационалды шешімі жасалады. Есепті шешу процесі кезінде пайдалану тәсілдері оқушы жадында жақсы бекітіледі және анықталады. Психологиялық-дидактикалық зерттеулерде осы кезеңнің жүзеге асырылуы білімді тасуға әсерін тигізеді және есепті шығарудағы оқытудың тиімді амалы қызметін атқарады деген көзқарасты пікір айтады.

Мәтіндік есептерді шешуді оқыту әдістемесінде келесідей нақты мысалдармен ашамыз.

Есеп. Жоспар бойынша бригадаға тапсырылған іс 10 күнде орындалуы керек. Бірақ шын мәнінде ол нормадан асыра күніне 27 бөлшектен және 7 жұмыс күнінде жоспарда көрсетілген тапсырманы орындап қана қоймай, сонымен бірге жоспардан асыра 54 бөлшек дайындайды. Бригада жоспар бойынша күніне неше бөлшек жасауы тиіс еді?

Есептің мәтінін талдау. Есеп мәтінін оқып болған соң, талдауды келесі сұрақтарды қарастыру арқылы жүргізуге болады. (Оқушылардың өздерімен немесе мұғалім көмегімен.) Бригада жоспар бойынша тапсырылған істі

қанша күнде орындауы керек? Бригада шын мәнінде істі қанша күнде орындады? Неге бригада көрсетілген уақыттан ерте орындайды? Бригада жоспардан тыс қанша бөлшек дайындайды? Есепті қандай шамалар құрайды? Еңбектің өнімділігі, уақыт және көлем орындалған жұмыста өзара қалай байланысқан? (Мұғалім оқушылардың мүмкіндігіне қарай сұрақты нақтыландыруына болады.) Есепті қаншалықты әртүрлі жағдайларға бөлуге болады? Шартқа кіретін қанша шамалар белгісіз? Есепте қанша шамалар ізделінді болып табылады? Бұған дейін осыған ұқсас есептер шешілген бе?

Есептегі жұмыстың бірінші кезеңі нәтижесінде негізгі қатынаспен есептегенде есеп мәтінін жазу орындалады. Мәтіндік есептерді шешуді оқытудағы бірінші кезеңде жазудың кесте түрі тиімдірек. Себебі оқушылардың сәйкес кестені толтыру іскерлігі берілген есепті қабылдағанын немесе қабылдамағанын білдіреді. Сол бір ғана шамалардың арасындағы мәндердің байланысуын анықтау үшін оқушыларға алдын ала сәйкес сұрақтар қойылады: қандай жағдайда бригаданың еңбек өнімділігі жоғары болады?

Кестеде бригада күніне нормадан қанша бөлшектен асырды?

Кестеде бірінші сұраққа дұрыс жауап аттас шамалардың белгісіз мәндер арасында теңсіздіктің сәйкес таңбасын қоюға мүмкіндік береді.

Шамалар	Жағдай	
	Жоспар бойынша	Шын мәнінде
Күніне неше бөлшек еңбек өнімділігі	?	?
Жұмыс уақыты, күндер орындалған		7
жұмыстың көлемі, бөлшек	?	?

Екінші сұраққа жауап «27-ге» кестедегі орында көрсетілгендерді жазуға мүмкіндік береді. Алынған жазу оқушыларға есеп шарты бөлігін маңызды етуді көздейді: жоспарда көрсетілгендей, бригада өнімділігі шын мәніндегіден күніне 27 бөлшек аз.

Басқа шамалардың белгісіз мәндері арасындағы байланысты анықтауды аналогия бойынша жасайды. Берілген жағдайда жоспарлы және шын мәнісіндегі орындалатын жұмыстың көлемі салыстырылады.

Есептің шешу тәсілін іздестіру. Бұл кезеңде есепті шешу стратегиясы талқыланады. Сонан соң ізделінді шаманы немесе мұғалім оқушымен біріге отырып таңдалынған стратегияға байланысты басқа белгісіз шаманы белгілеуді енгізеді, одан кейін бір аттас шамалардың арасындағы орнатылған тәуелділіктен және есептегі негізгі қатынаспен пайдалана отырып есеп мәтінінің кесте жазуының негізінде есепті шешу ізденісінің кестесі толтырылады:

Шамалар	Жағдай	
	Жоспар бойынша	Шын мәнінде
Бригада өнімділігі (1 күндегі бөлшек)	X	X+27
Жұмыс уақыты, күндер	10	7
орындалған жұмыстың көлемі, бөлшек	10X	(X+27)7

Осының көмегімен теңдеу құрастырылады:  $10x+54=(x+27)7$  немесе  $10x=(x+27)7-54$

Есепті шешу жоспарын жүзеге асыру. Бұл жерден есепті шешу жоспары келіп шығады. Жазылудың кестелі түрі теңдеу құрғанда оқушылардың біліктілігі оны қайта жазуды қажет етпейді. Сондықтан мәтіндік есептерді шешу процесіндегі үшінші кезеңде алынған теңдеуді шешуге, шешімді тексеруі орындалады және жауабын жазу қалады.

Алынған теңдеу былай шешіледі:

$$10x+54=(x+27)7$$

$$10x+54=7x+189$$

$$3x=135$$

$$x=45$$

Берілген теңдеудің бір түбірі бар – 45 саны. Бірақ есепті шешу теңдеуді шешумен шектелмейді: алынған түбір есеп шартын және талабын

қанағаттандыруын тексеру қажет. Осыған байланысты теңдеу түбірін есептің мағынасы бойынша тексеру керек. Мұнда теңдеу түбірін тексерудің екі тәсілі болуы мүмкін.

Бірінші тәсіл бойынша табылған x мәніне есептегі шамаларға кіретін мәндерді кезекпен есептейді. Мұнда бұл шамалар мағыналық шектеулерді қанағаттандыруын тексереді. Егер шамалардың барлық табылған мәндері оларды қанағаттандырса, онда теңдеу түбірі есептің шешімін береді.

Осы мақсатпен есепті шешу ізденісінің моделін пайдаланады. Берілген есептің мағынасы бойынша оған кіретін барлық шамалар оң мәндерді қабылдауы тиіс. Табылған  $x=45$  мәні орындалуын тексереміз:

$$X=45$$

$$X+27=45+27=72$$

$$(x+27)7=72*7=504$$

$$10x=10*45=450$$

504-450=54 оң сан. Демек,  $x=45$  мәні есеп шартын қанағаттандырады, яғни оның шешімі болып табылады.

Жауабы: бригада жоспар бойынша күніне 45 деталь дайындауы тиіс. Теңдеу түбірін тексеруді жазудың екінші тәсілін есеп мағынасы бойынша «бір айнымалысы бар теңсіздік» тақырыбын үйренген соң орындауға болады. Тексеру мәні бұрынғыдай қалады, ал жазу тәсілі келесілерден құралады. Есеп мәтіні бойынша құрастырылатын теңдеуді есепке кіретін шамалар мәндері үшін мәнді шектеулер қарастырылады.

Мынадай жүйе алынады:

$$10x+54=(x+27)7$$

$$x>0 \quad 10x+54=(x+27)7$$

$$10x > 0 \quad \text{немесе}$$

$$x+27 > 0 \quad 0 < x < 63$$

$$(x+27)7 > 0$$

$$10x < (x+27)7$$

$x=45$  мәні қос теңсіздікті қанағаттандыратынын көріп тұрмыз, демек, есептің шешімі болып табылады. Қос теңсіздікті қанағаттандыратын  $x$ -тің бүтін мәндер жиыны ізделінді шаманың мәні есеп мағынасы бойынша мүмкін болатын облысы болып табылады. Демек, анықталу облысын табудың өзі алынған теңдеуден табылған түбірдің мәні есеп шарты мен талабын қанағаттандыра ма деген сұрақты алып тастай алмайтынын ескеру қажет. Осы облысты анықтайтын шектеулер саны ұлғаюы мүмкін және кейбір шектеулер

көрінбей қалуы мүмкін. Сондықтан есепті тексерудің екінші тәсілі орынды етіп кейбір жағдайларда ғана жасауы керек, бірақ оқушыларда есепке кіретін шамалардың мәндерінің мағыналық шектеулерін айқындай білу біліктілігін дамыту қажет.

Табылған шешімді зерттеу. Оқушыларға есепті шешу процесінде осы кезеңнің мазмұнына сәйкес келесі түрдегі сұрақтар қойылады: Берілген есепті шешудің басты идеясы қандай? Берілген есепті шешудің басқа тәсілдерін көрсетуге бола ма? Қарастырылған шешу тәсілі орынды болып табыла ма?

Берілген есеп үшін шешудің барлық мүмкін іздеу жолдары басқа тәсілді айқындамайды, бұл есептің тұрақты құрылымы бар.

Мәтіндік есептерді шешуде біліктілікті тізбектей қалыптастыру оқыту әдістемесі анықталған келесі өзгерістерге бағынады: есептің мәтінін кесте түрінде жазу түрі қажеттілігі және оның шешімін іздеу. Оны шешу процесінің айқындайтын кезеңдер саны қысқартылады, бұл процестің өзі жинақтырақ болады.

Қорыта келгенде мәтіндік есептерді шешудің оқыту әдістемесі, берілген есептерді шешу процестерінде тиімді, сонымен қатар шешу кезінде теңдеудің күрделі түріне, мысалы, квадратты теңдеуге келтірілетін есепті шешу жағдайында да қолайлы болып табылады.

### Әдебиеттер:

1. Фридман Л.М. «Логика-психологический анализ школьных задач»
2. Лиденко А.С. «Интеллектуальные системы и логика»

## РЕАЛИЗАЦИЯ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ПОДХОДА В 1 КЛАССЕ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

**Вагапова Н. Н.,**

*ст. преподаватель*

*ФАО НЦПК «Өрлеу»*

*ИПК ПР по г. Астана,*

**Байдавлетова Г. У., Минайчева Е. А.,**

*учителя начальных классов,*

*ШЛ № 62 г. Астана*

Внедрение обновлений в содержание образования в Республике Казахстан возможно при изменении взгляда на деятельность учителя и его роли в учебном процессе, нового отношения к ученику со стороны учителя и родителей. Важно, понимать, что учитель понимает суть новых изменений, смысл нового качества образования и новых образовательных результатов.

Необходимо отметить, что внедряемая программа обновления образования предполагает, что обучение должно быть активным, проводиться в условиях созданной коллаборативной среды, должна осуществляться дифференциация обучения, должны реализовываться межпредметные связи, использоваться ИКТ, диалоговое обучение, исследовательская деятельность и своевременное реагирование учителя на потребности учащихся. Учебный процесс в данных условиях характеризуется активной деятельностью самих учащихся по «добыванию» знаний на каждом уроке, а учитель выступает организатором познавательной деятельности учащихся.

Учителям, работающим в первом классе, предлагается нормативное обеспечение: учебные программы и планы,

сборники с заданиями для формативного оценивания, руководство по критериальному оцениванию, что позволяет планировать эффективные и качественные уроки.

По мнению психологов, целью дифференциации является индивидуализация обучения, основанная на создании оптимальных условий для выявления и учета в обучении склонностей, развития интересов, потребностей и способностей каждого школьника. Таким образом, дифференциация отражает учет индивидуальных особенностей детей, организацию коллаборативной среды обучения и вариативность учебного процесса.

Целью учителя на уроке является не только достижение учебных целей каждым ребенком, но и разглядеть индивидуальность каждого учащегося, оказать необходимую поддержку, а главное мотивировать на учебно-познавательную деятельность.

С этой целью учитель должен более тщательно определять учебные цели урока и содержание учебной информации, планировать виды активной деятельности учащихся на уроке.

В 1 классе учитель реализует диф-

ференцированный подход следующим образом:

1. Планирование целей урока с учетом ожидаемого результата и индивидуальных особенностей учащихся. Каждый ребенок может достичь учебную цель. Таким образом, учитель применяет принцип дифференциации при планировании целей обучения:

- все учащиеся смогут, большинство учащихся;
- некоторые учащиеся смогут достичь учебную цель.

Для определения целей урока учителю необходимо учесть:

- различный уровень усвоения учебного материала учащимися;
- разные уровни работоспособности и темпа выполнения заданий;
- особенности восприятия информации (аудиалы, визуалы, кинестетики).

2. Выполнение учащимися заданий различного уровня сложности (разноуровневые задания). Задания должны включать в себя методические приёмы, которые помогут детям самостоятельно справиться с заданием, а также более сложные задания.

Усложнение можно планировать с использованием ранее изученного учебного материала, когда ученикам необходимо установить близкие или далекие связи между различными частями содержания. Усложнение заданий может происходить и за счет изменений видов деятельности при выполнении заданий, уровней применения творческой деятельности, необходимой при выполнении задания.

3. Организация группового сотрудничества, где планируется четкая постановка целей в учебной деятельно-

сти: что ученики должны знать и уметь, какие умения и навыки должны у них формироваться в ходе обучения. Достижение целей должно быть проверяемым, то есть ученики должны знать критерии оценивания.

4. Применение на уроке различных форм работы в классе: индивидуальные, работа в парах, групповые, коллективные. Это позволит учащимся достигать учебные цели, так как учитель учитывает психолого-педагогические и возрастные особенности детей.

5. Учет индивидуальных особенностей ребенка.

Учащихся, не владеющих навыками самостоятельной деятельности и требующих постоянной поддержки и помощи от учителя, необходимо поддерживать, наблюдать за такими детьми, оказывать им поддержку в виде стимуляции, мотивации, определении четкого регламента, проверке качества выполнения заданий.

Учащимся, владеющим навыками самостоятельной работы, учитель оказывает поддержку в виде заданий, формирующих навыки высокого порядка, т.е. задания творческого характера, а также задания с дополнительным уровнем усложнения.

Учебный предмет «Познание мира» в 1 классе. Тема урока «Вкусно и полезно». Учитель начальных классов Байдавлетов Г.У.

Цель обучения: 1.1.4.2. объяснять необходимость соблюдения режима питания.

Цель урока вытекает из цели обучения и соответствует трем условным уровням: все учащиеся смогут: определить условия соблюдения режима питания; большинство учащихся смогут

классифицировать продукты питания; объяснять необходимость соблюдения режима питания и некоторые учащиеся смогут: составить правильный режим питания.

Цели урока сформированы в формате SMART целей, т.е. составлены с учетом индивидуальных потребностей каждого учащегося.

При планировании задания «Составь меню», использовались ресурсы, для распределения учащимися картинок с продуктами питания в соответствии со словами «Завтрак», «Обед», «Ужин». Цель задания: составить меню.

1 группа

Составить меню питания на завтрак.

2 группа

Составить меню питания на обед.

3 группа

Составить меню питания на ужин.

ФО: Взаимооценивание. «Две звезды и одно пожелание». Группы оценивают друг друга.

Применяя метод дифференциации, учитель, наблюдает за учащимися, поддерживает их, используя открытые - закрытые вопросы. В процессе урока учащиеся составляют режим питания, учитывая время питания. Это групповое задание, в котором дети подбирают картинки и составляют меню, но результат задания получают разный. При этом учащиеся представляют разнообразное меню: на завтрак, на обед и ужин.

Учебный предмет математика в 1 классе. Тема урока «Логические задачи». Учитель начальных классов Миничева Е. А.

Цель обучения: 1.4.2.1 определять верные и неверные утверждения.

1.4.2.2 решать простейшие логиче-

ские задачи на соответствие и истинность.

Цель урока вытекает из цели обучения и соответствует трем условным уровням:

- все учащиеся смогут: находить верные и неверные утверждения;

- большинство учащихся смогут: решать простейшие логические задачи на соответствие и истинность;

- некоторые учащиеся смогут: составлять условия и решать логические задачи.

Цели урока сформированы в формате SMART целей, т.е. составлены с учетом индивидуальных потребностей каждого учащегося.

Для достижения результативного урока, как для ученика, так и для учителя планируется реализация дифференцированного подхода:

1. Разноуровневые задания в групповой работе (все учащиеся - определяют верные и неверные утверждения, с помощью ресурсов; большинство учащихся - решают логические задачи; некоторые учащиеся - составляют условие и решают логические задачи).

2. Поддержка учащихся, испытывающих сложности при выполнении заданий (невнимательность, медленный или быстрый темп выполнения заданий). Основной инструмент учителя на уроке - наблюдение. Учитель должен наблюдать за детьми для оказания поддержки. Рекомендуется использовать прием обратной связи «Измерение температуры».

Учет индивидуальных особенностей учеников позволяет педагогу составлять задания таким образом, чтобы способствовать реализации возможнос-

тей каждого ребенка в рамках личностно-ориентированного обучения.

Например, задание «Логические задачи». Цель задания: решать логические задачи. Это задание сложное и выполняется в группах. Учащиеся в группах поддерживают друг друга, обучают друг друга, оценивают друг друга. Принцип задания: от простого к сложному.

Цель задания: решать логические задачи.

Мы продолжаем путешествовать. И наш паровозик приближается к станции «Логические задачи».

1 группа

Ира вымыла 5 тарелок, а 2 из них протерла полотенцем. Сколько мокрых тарелок?

2 группа

В коробке 8 пирожных. Сколько пирожных нужно взять из коробки, чтобы в ней осталось 5 пирожных?

3 группа

В группе 15 детей. 10 детей любят

мороженое, 9 человек — конфеты. Как это может быть?

Учащиеся группами выполняют на листе А3. Спикер группы у доски защищает данную задачу.

ФО: оценочный лист.

В условиях современной школы без применения дифференцированного подхода к обучению учебный процесс будет малоэффективен для учащихся. Интеллектуальные способности детей различны, разные особенности обучаемой деятельности: кто-то из учащихся может очень быстро усвоить новый учебный материал, другим необходимо гораздо больше времени, большее число повторений для закрепления его.

Обеспечить каждому ученику условия для максимального развития его способностей, склонностей, удовлетворения познавательных потребностей и интересов в процессе усвоения им содержания среднего образования является целью дифференциации процесса обучения в школах Казахстана.

### Литература:

1. Грудунс К. Я. Обновление содержания образования в Республике Казахстан. <https://infourok.ru/obnovlenie-soderzhaniya-obrazovaniya-v-respublike-kazahstan-1508631.html>
2. Матухнова В. П. Взгляд учителя-практика на процесс реализации обновления содержания образования в Республике Казахстан. <http://zkoipk.kz/ru/2016-01-3003-1/2163-conf.html>
3. Чеснова С. В. Организация дифференцированного подхода на уроках математики в начальной школе. - <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/matematika/2017/01/31/organizatsiya-differentsirovannogo-podhoda-na-urokah>.
4. Хамзина Р. Г. Обновление содержания образования: ориентир на будущее. - <https://multiurok.ru/files/piedsoviet-obnovlieniie-sodierzhaniiia-obrazovaniia.html>.
5. [https://yadi.sk/i/raRK\\_sX5wzNA6](https://yadi.sk/i/raRK_sX5wzNA6)
6. <https://plani.kz/differentsirovanny-j-ili-raznourovnevy-j-podhod-v-obuchenii/>

## ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Даулетбаева Г. К.,  
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы  
Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ,  
Кабажаева С. К.,  
№59 мектеп-лицейдің «Өзін-өзі тану» РАББ ісі  
жөніндегі директордың орынбасары, Астана қаласы

Білім беру ошағының өзекті мәселесі жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру. Бұғанасы қатпаған жас тұлғаның бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді дарыта отырып, өз-өзіне сенімділікті ұялата білуге, өзіндік таңдау жасауына ықпал ету үшін отбасы мен педагогтер маңызды рөл атқарады.

Отбасы – адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, ержетіп, отбасының тәрбиесін алады.

*Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады.*

**Абай Құнанбайұлы**

Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі екендігін есте сақтай отырып, ең алдымен жақсылық жасауды отбасынан үйренеді. Отбасының негізгі міндеті – баланы еңбек етуге, жарқын сезімдермен нұрлы мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету. Бұл қасиеттердің бәрі негізінен отбасы - ошақ қасында тәрбиеленеді. Мұнда әсіресе отбасындағы ересек адамдар өздерінің жеке бастарының өнегесі арқылы жас балалардың бойын-

да сезімдерді ұштайды.

Өз ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата-аналарды да құрметтей біледі. Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес, ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Осы орайда Астана қаласының пилоттық ұйымдарының бірі №59 мектеп-лицейінің «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағытының үштік одақ (ұстаз-оқушы-ата-ана) көптеген ішаралар атқаруда. Айта кететін болсақ, ата-аналарының қатысуымен «Жанұя - қорғаным, ата-ана - тірегім», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі», «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер», «Ұстазым, анам және мен», «Үлгілі аналар келбеті», «Үлгілі отбасы», «Отбасы - қоғамның алтын тірегі», «Үлкен отбасы - кіші мемлекет», «Жұлдызды отбасы», «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес», «Қазақ отбасындағы бала тәрбиесінің ерекшеліктері», «Менің отбасым - менің бекінісім», «Үлгілі отбасылар өмірі», «Бақытты жанұя - бақытты ел», «Ізгілік ұядан», «Ізгілікке толы, аяулы менің мектебім», «Әкелер келбеті», «Отбасындағы әкенің рөлі», «Әкем - тірегім, анам - жүрегім» тақырыптарындағы үштік одақ (ұстаз-оқушы-ата-ана) бірлесе ізгілік қарым-қатынас орнату, «ой-сөз-іс»

әрекеттері шынайы болуға тәрбиелеу мақсатында ішаралар жалғасын табуда. Сонымен бірге сыртқы ұйымдар «Отбасылық тәрбие институты», «Қазақ қызы» институты, «Ана мен бала» мүмкіндігі шектеулі балалар орталығы, «Жетімдер», «Қарттар» мекемелерімен жоспарға сәйкес жұмыс бағыттары орындалу үстінде. Аталған ішаралардың маңыздылығы үштік одақта бір-бірімен тығыз байланыста болуы арқылы рухани жан дүниесін байыта отырып, қызығушылықтары артып, өз белсенділіктерін жоғары деңгейде көрсете біліп, тереңнен ұғынды.

Тұлғаның бір қырын ата-ана, екінші қырын ұстаз тәрбиелесе жемісін береді. Ыбырай Алтынсариннің қанатты сөздерінің бірі «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі». Егерде жүрексіз адам болмаса, мұғалімсіз тәрбиенің, білімнің іске аспайтыны белгілі. Жүректен шыққан түйінді сөз: «Жүректің әсерлі тілі бар - сөйлете білсең, жүректің құлақ құрышын қандырар әуені бар - тыңдай білсең, жүректің ғажайып бір құнды сыры бар – сақтай білсең». Барлық жолдың кілті - жүректе.

Мұғалім өзінің жеке басының оқушыларға үлгі көрсетуі арқылы және олардың рухани-адамгершілік дамуына жағдай жасай отырып, шабыттандырады, ынталандырады – бұл рухани-адамгершілік білім беретін өзін-өзі тануды оқыту әдістемесінің негізі болып табылады.

Ізгілік педагогикасының негізін қалаушылардың бірі Ш. А. Амонашвили өзінің әсерлі дәрістерінде көптеген тамаша ойларымен бөлісіп, баланы

дұрыс қабылдау, оларды шексіз сүю, «балаларымыздың табиғатына араласпай, оларды сол күйінде қабылдау» туралы пікірлері, «балаларды түсіну, яғни солардың орнына өзіңізді қою» дейді. «Мұғалімнің заңдары мыналар болуы тиіс: баланы шексіз сүю, оларды түсіну, балаға деген оптимистік көзқараста болу. Қағидалары: баланың сүйіспеншілігіне шексіз сүю, олардың педагогикалық қабілеттеріне сену, баланың ізгілікті күшіне сенімділік. Баланың мына тіректеріне сүйену: еркіндікке, ересектілікке, дамуына деген ұмтылыс. Мұғалімнің тұлғалық қасиеттері: жақсылық, ашық болу, адал болу, өз ісіне деген жауапкершілік. Мұғалімді ойшыл, шығармашыл, еркін етіп тәрбиелеу керек. Мұғалімдерді төмендетудің орнына оларды ұлықтау қажет. Олар өмір суретшілері ғой. Бүгінгі мұғалімдер ХХІ ғасырдың ортасын салып жатыр. Мұғалім мамандығы ең қиын да маңызды, жауапкершілікті әрі қызықты мамандық».

Мұғалім алдына келген шәкірттерінің ақылына ақыл қосып, саналы тәрбие беріп, өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарда өзін ұстай білуге үйретеді. Егер шәкірт өзін нашар ұстаса, бір адамның мінезі азап шегеді, егер мұғалім өзін нашар ұстаса, бұл көптеген оқушының мінезіне зиян келтіреді. Егер мұғалім өз ісіне беріліп, таза болса, онда мыңдаған оқушы жақсара түседі және еліміз білімді де кемел ұл-қыздарға ие болады.

Ежелден мұғалімнің рөлі барлық әлем халықтарында ұлық болған, мұғалімнің міндеттері басқарушылар мен ата-аналардың міндеттерімен қатар құрметтелген. Ежелгі заманда

мұғалімдерді, адамдарға деген құрмет қатынастарын, өскелең ұрпаққа білім беру жауапкершілігін өз қолдарына алғандықтарын ескере отырып, Шеберлер деп атаған. Мұғалімдер кез келген қоғамда жоғары сұранысқа ие, себебі әлеуметтік ортаны тәрбиелеу солардың қолдарында, олар ғасырдан ғасырға болашақ ұрпақты даярлайды.

